«Ақпарат сағаты» ұйымдастырылған, ол ай сайын жүргізіліп тұрады, оның мақсаты әдістемелік әдебиет пен мерзімдік басылымдардың жаңалықтарымен таныстыру, оны кітапхана-медиатеканың меңгерушісі Л.Н.Борисевич өткізеді.

БОМ үшінші сатысының тыңдаушылары наурыз айында оқытылатын педагогикалық технологиялар бойынша өздерінің шығармашылық жұмыстарын

дайындады және қорғады: "CLIL әдістемесін зерттеу және қолдану" Қыдырғалиева М.К., Максатова А.М., Иманбаев А.Ш. Қорғау қорытындысы бойынша оларға БОМ сәтті аяқталғаны туралы куәліктер табыс етілді.

Өткен кезеңде ПБЖШФ 32 сабақ өткізілді, оған оқытушылар: Аймуханбетов Б.Е., Максатова А.М., Дюсюпов Р.Ж., Истемесов Д.Б., Қыдырғалиева М.К., Вепрев О.В., Дюсупова М.Т., Шарафудинова Г.Р., Жилкайдарова Г.Б., Жуасбек Ж.С., Иманғалиева Г.С., Мукашева Э.М., Амрина М.Т., Амербаева Г.К., Оспанова Р.Т., Койшыбаева А.К., Тулеуов К.М., Куандықова А.Б., Тортбаева Р.Б., Хлоповская М.В., Жумашулы М.Ж., Каржаубаева Ж.К., Мынбаев Д.С., Хлоповская М.В., Страшкова М.Э., Соколова В.Г., Сарсембаева Н.А. қатысты.

Бірінші секцияның сабақтарында "Студенттердің оқу мотивациясы: жолдары мен мәселелері", "Сабақтың практикада «бекіту» кезеңін өткізу тиімділігі», "Болашақ маманның көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың жолдары мен құралдары" туралы мәселелер қарастырылды. Арнайы пәндер оқытушылары Максатова А.М. және Дюсюпов Р.Ж. "CLIL әдістемесі - арнайы пәндерді оқыту үдерісінде пәндік - тілдік интеграцияланған оқыту» атты шеберлік сағатын өткізді.

Екінші секция сабақтарында "Интеграцияланған оқыту тәсілдері", "Информатика" пәні және АКТ аясында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау мәселелері", "Жалпы білім беру пәндерін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану", "Сабақта оқытудың интерактивті әдістерін және проблемалық оқыту технологияларын қолдану", "Сабақта тұлғааралық қарым-қатынас", "Қоғамдық пәндер сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану", "Жас маманның бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде кәсіби және жеке құзыреттілікті дамыту" атты мәселелер қарастырылды.

Оқытушылар О.В.Вепрев пен Д.С.Мыңбаев пән бойынша электронды оқу-әдістемелік кешен және оқытушының электрондық портфолиосын құру үшін компьютерлік бағдарламалармен танысу мақсатында оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері үшін жеке кеңестер өткізді.

Педагогикалық білім мен шеберлік факультеті шеңберінде оқытуды ұйымдастыру жұмыс тәжірибелері әртүрлі оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің жеке қажеттіліктерін, педагогика және психология мәселелеріне назарларын ерекше аударту, оқу қызметін ұйымдастыруда жаңа тәсілдемелерді ескеруге мүмкіндік береді.

## 5.21. Шығармашылық топтардың жұмыстарына қатысу

Оқытушылардың тілектерін ескере отырып және колледж директорының 2019ж. 04 қыркүйектегі бұйрығына сәйкес әртүрлі педагогикалық технологияларды қолдану бойынша шығармашылық топтар құрылды.

№	Топ жұмыс істейтін тақырып	Топтағы оқытушылар саны
1.	Арнайы пәндерді оқытуда ақпараттық технологияларды меңгеру және қолдану	8

2.	Деңгейлік дифференциация технологияларын меңгеру және қолдану.	12
3.	Сыни ойлау технологияларын меңгеру және қолдану	10
4.	Проблемалық оқыту технологиялары мен оқытудың интерактивтік әдістерін меңгеру және қолдану	7
5.	Ойын технологияларын меңгеру және қолдану.	10
6.	Жалпы білім беру пәндерін оқытуда ақпараттық технологияларды меңгеру және қолдану	10
7.	CLIL технологияларын меңгеру және қолдану	9

2019-2020 оқу жылында колледжде екі шығармашылық топ ақпараттық коммуникациялық технологияларды меңгеріп, оны енгізуде белсенді жұмыс атқарды (жетекшілері Елюбаева А.С. және Дюсупова М.Т.). Осы топтардың оқытушылары меңгерілетін технология бойынша әдістемелік әдебиеттермен танысты, интерактивті тақтамен жұмыс істеу мүмкіндіктерін, әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды игеруді жалғастырды, электрондық оқу құралын, оқытушылардың электрондық портфолиоларын, пән бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешен дайындауды, педагогикалық сайттарда әдістемелік мақалаларды басу мүмкіндіктерін, ақпаратты сақтау үшін электрондық бұлт жасауды, әріптестерімен тәжірибе алмасу үшін меншікті сайтың құруды игерді, әріптестерінің АКТ қолданып өткізген сабақтарына қатысып, талқылады.

Шығармашылық топтардың жұмыстарының жыл қорытындылары бойынша маусымда шығармашылық топтардың жетекшілері Максатова А.М., Далбин Т.С., Шарафудинова Г.Р., Елюбаева А.С., Жуасбек Ж.С., Иманғалиева Г.С., Дюсупова М.Т. әртүрлі педагогикалық технологиялар бойынша тұсаукесер дайындады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану үшін қажетті материалдардың болуы кабинеттер мен зертханалардың, студенттердің оқу-әдістемелік кешенінің байқау-сайысының шартына кіреді. Байқау комиссиясы оқытушылар түгелдей дерлік АКТ белсенді қолданатынын, сонымен қатар өздігінен және студенттердің көмегімен бейнесюжеттер, тұсаукесерлер, электрондық құралдар, үйрететін, жаттықтыратын өнімдер және т.б. дайындалғанын атап өтті.

2019-2020 оқу жылында колледж оқытушылары 37 электрондық құралдар, соның ішінде 11 – мемлекеттік тілде, жасаған.

Колледж оқытушылары оқытушының электрондық портфолиосына кіргізу мақсатында бейнесабақтар және бейнематериалдар жинау жұмыстарын үнемі жүргізеді.

Оқытушылар Дюсюпов Р.Ж. және Масатова А.М. 2019-2020 жылғы колледждің жоспары бойынша интерактивті сабақ дайындап өткізді, әріптестері тарапынан жоғарғы баға мен жақсы пікірлерге ие болды.

Өткен оқу жылындағы барлық ашық сабақтар мультимедиялық проекторды немесе интерактивті тақтаны және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданумен өткізілді.

## **Атқарылатын міндеттер мен келешекке жоспар тұрғысынан аналитикалық қорытындылар.**

Колледжде әдістемелік қызметтің тиімді жүйесі қалыптасқан. Проблемалық-ізденіс тақырыбы бойынша жұмыстар ұдайы талданады және түзетіледі. Оқу жылында өткізілген барлық әдістемелік іс-шаралар оны жүзеге асыруға бағытталды.

Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары орындалды. Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің педагогикалық шеберліктерін педагогикалық білім мен шеберлік Факультеті түрінде арттыру жүйесі оң нәтижесін беруде. Педагогикалық шеберлікті арттыру және педагогикалық қызметкердің беделін нығайтудың бағыттарының бірі кәсіптік байқауларды өткізу болып табылады, оларды ұйымдастыру жүйесі жолға қойылған. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылықтары артқаны байқалады. Колледж студенттері конференцияларға, пәндік олимпиадаларға, байқаулар мен жарыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болады.

Болашақта «Колледждің үздік оқытушысы» байқауын жаңа оқу жылында өткізу жоспарланған.

### **VI бөлім. Білім сапасын басқару жүйесі**

Білім сапасын басқару жүйесінде басты рөлді педагогикалық кеңес атқарады. Оның отырыстарында ұжымның оқу-тәрбие қызметінің ең маңызды мәселелері қарастырылды. Оқу-әдістемелік, тәрбие жұмыстарының, практикалық оқытудың, колледжді ақпараттандырудың 2018-2019 оқу жылындағы қорытындылары талданды және жаңа оқу жылының міндеттері анықталды. Студенттерді бюджеттік негізге ауыстыруға қатысты жеке істері және Жарғыны бұзушылықтар, жатақханада тұру ережелері қарастырылды. 2020-2021 оқу жылында аттестаттаудан өтетін оқытушылардың тізімі қарастырылды.

2019-2020 оқу жылына оқушыларды қабылдау қорытындылары және кәсіптік бағдар беру жұмысының міндеттері, барлық мамандықтар бойынша дипломдық жобалар мен мемлекеттік емтихандарды қорғау, циклдік комиссиялардың, кабинеттер мен зертханалардың, білім алушылардың оқу – әдістемелік кешенінің байқау-сайысы қаралды.

I семестрдегі оқу-әдістемелік жұмыстың қорытындысы бойынша "дөңгелек үстел" түрінде педагогикалық кеңес өткізілді, оны дайындауға барлық пәндік-циклдік комиссия белсенді қатысты.

Проблемалық-іздену тақырыбын іске асыру аясында "Кәсіби оқыту және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру – білікті кадрларды даярлаудың бірыңғай жолы" мәселесі қаралды.

Тәрбие жұмысын талдау аясында тәрбие жұмысының жағдайы, студенттердің бос уақытын ұйымдастыру, жатақханада тұру жағдайы және тұру ережелерін орындау қаралды.

Педагогикалық кеңес отырысында қоғамдық пәндер ПЦК оқытушысы Ж.К.Қаржаубаеваның жұмыс тәжірибесі жалпыландырылды.



Педагогикалық кеңестің бұрын қабылданған шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат коронавируc пандемиясына байланысты карантин болғандықтан тексерілмеді.


2019-2020 оқу жылында колледжішілік бақылау тақырыбы кең болды және оқу сапасын жақсартуға әсер ететін барлық нысандарды қамтыды. Жоспарға сәйкес келесі мәселелер қаралды: тұрмыстық және тұрғын үй жағдайларын және білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуді тексеру, тәрбие жұмысында тәртіптік журналдарда ақпараттың уақтылы толтырылуын және тиімді пайдаланылуын тексеру, сынып жетекшісінің студенттердің сабаққа қатысуы бойынша есеп беру құжаттарының дұрыстығын, тәрбие жұмысының жай-күйін, студенттердің бос уақытын ұйымдастыруды, жатақханада тұру жағдайын және тұру ережелерін орындауды, пәндік үйірмелер, секциялар, клубтар жұмысының жай-күйін тексеру, жалпы білім беретін пәндер оқытушыларының пәндер бойынша ОӘК, колледж қызметкерлерінің еңбек тәртібін жақсарту жағдайы мен шаралары, 44 ТРК тобында Өндіріс экономикасы пәні бойынша курстық жобалардың орындалу барысы. "Математика", "Физика" пәндері бойынша білім кесінділері ДОТ бойынша колледжде карантин және оқу процесін ұйымдастыруға байланысты өткізілген жоқ.

Барлық тексерулердің нәтижелері бойынша анықтамалар жасалды, анықталған кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар белгіленді. Колледжішілік бақылау мәселелері әкімшілік-қоғамдық, әдістемелік, педагогикалық кеңестердің отырыстарында, сонымен қатар өндірістік мәжілістерде қаралды.

Әртүрлі пәндерден 20 директорлық бақылау жұмыстары өткізілді. Жоспарланған директорлық бақылау жұмыстарының көбі карантинге байланысты жүргізілген жоқ. Әкімшілік мүшелері бақылау мақсатында 79 сабақ пен сынып сағаттарына қатысты. Сабақтар мен сынып сағаттарына қатысу жоспары орындалды, барлығы 429 сабаққа қатысты.

Педкеңесте қаралған мәселелер мен колледжішілік бақылау жүйесі оқу-тәрбие үрдісінің барлық бағыттарын қамтиды және білім сапасын арттыруға жағдай жасайды.

## Колледжішілік бақылау жүйесінің құрылысы және оның нысандары



## Атқарылатын міндеттер мен келешекке жоспар тұрғысынан бөлім бойынша аналитикалық қорытындылар

Педагогикалық кеңестің отырыстары жоспарға сәйкес өтті, оларды өткізуге ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, «дөңгелек үстел» стандартты емес пішін, шығармашылық топтар қолданылды. Педагогикалық кеңестің отырыстарында қаралған барлық мәселелер өзекті болып табылады. Барлық мәселелер бойынша нақты шешімдер қабылданды.

Колледжішілік бақылау жоспары орындалды. Өткізілген іс-шаралар студенттердің материалдық-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға, практиканы жүргізу сапасын арттыруға, тәрбие жұмысын жетілдіруге, мамандарды даярлау бойынша колледждің барлық қызметтерінің жұмыс жүйесін жетілдіруге, сонымен бірге мамандарды даярлау сапасын жоғарылатуға мүмкіндік туғызды. Әкімшілік мүшелері сабақтарға және сынып сағаттарына қатысу жоспарын толықтай орындамаған.

Болашақта келесі объектілерді тексеру жоспарлануда: қосымша сабақтарды өткізу тиімділігін, әлеуметтік қорғау және еңбекті қорғауды жақсарту шаралары мен жағдайын, 21ЭАк тобында жүк тасымалын ұйымдастыру және технологиясы бойынша курстық жобалардың орындалу барысын, "Қатер тобындағы" студенттермен жұмыс істеу жағдайын, өндірістік циклдің практикалық сабақтарында кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейінің жағдайын тексеру.

## VII бөлім. Ынтымақтастық

### 7.1. Көлік кәсіпорындарымен ынтымақтастық

Кәсіпорындармен және оқу ұйымдарымен өзара ынтымақтастық шеңберінде тоғыз ынтымақтастық Меморандумы жасалды, олар Баку Мұнай энергетикалық колледжі (Әзірбайжан), "Семей Инжиниринг" АҚ, ГПОУ "Қазан автокөлік техникумы" (Қазан қ.), ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Су жолдары" Жоғарғы-Ертіс филиалы, «Каспийлік "Болашақ" колледжі» ЖШС, Барнаул қ. "Алтай өнеркәсіптік-экономикалық колледжі", Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, М.С.Высоцкий атындағы Минск мемлекеттік автомеханикалық колледжі.

Сегіз кәсіпорынмен **РМҚК** жұмысшы кадрларын даярлау бойынша бірлескен қызмет туралы келісім жасалды:

ҚР инвестиция және даму бойынша Министрліктің көлік Комитеті «Су Жолдары» РМҚК Семей филиалы; «Семей кеме жөндеу – кеме жасау зауыты» ЖШС, «**ЦУПП**» ЖШС, «Семавтопарк» ЖШС, «Гордорстрой» ЖШС, «Семстройпуть» ЖШС, «Семей машина жасау зауыты» АҚ, «СемАЗ» ЖШС.

Оқу мекемесі және жұмыс беруші арасындағы «Білікті мамандарды кәсіптік даярлау туралы» кадрларды даярлауға келісім-шарт он кәсіпорынмен жасалды:

ҚР инвестиция және даму бойынша Министрліктің көлік Комитеті «Су Жолдары» РМҚК Семей және Жоғарғы-Ертіс филиалы; «Семей кеме жөндеу – кеме жасау зауыты» ЖШС, «ЦУПП» ЖШС, «Семавтопарк» ЖШС, «Гордорстрой» ЖШС,

«Семстройпуть» ЖШС, «Семей машина жасау зауыты» АҚ, «СемАЗ» ЖШС, «Семей цемент зауыты» өндірістік компаниясы» ЖШС.

Колледжде келесі кәсіпорындармен іскерлік және шығармашылық ынтымақтастық туралы ұзақмерзімді келісім-шарттар әрекет етеді:

ҚР инвестиция және даму бойынша Министрліктің көлік Комитеті «Су Жолдары» РМҚК Павлодар филиалы,

**ВКОФ РГП «Қазақавтожол ДЭУ-25»**

«Семей жолдары» ЖШС;

«Азия Авто» АҚ

«ВИРП» ЖШС.

«Семавтопарк» ЖШС, «Таксомоторный парк» ЖШС, «Семаз» ЖШС, «Хазипов» ЖШС, «Горводоканал» МҚК тәрізді әлеуметтік серіктестермен жеті 4 жақты келісім әрекет етеді (колледж – кәсіпорын – кәсіпкерлер палатасы – ШҚО Білім басқармасы).

Колледж Семей қ. Кәсіпкерлер палатасымен тығыз байланыс орнатқан, олар практикалар базасын және оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің тағлымдамадан өтуін кеңейту бағдарламасын жүзеге асыруға көмектеседі.

Кәсіптік практиканы өткізу бойынша кәсіпорындармен (негізгі) келісімшарттық қатынастар:

<b>Мамандық</b>	<b>Кәсіпорындар</b>
1201000 «Автомобиль көліктеріне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» біліктілік 1201123 «Техник-механик», 1201113 «Электрмеханик», 1201133 «Мехатроник»	«Daewoo Bus Kazakstan» ЖШС «Таксопарк» ЖШС «Семавтопарк» ЖШС «Тойота Цетр» ТҚКС «Мерседес Бенц» ТҚКС «Мазда Центр» ТҚКС ««Эйкос» өндірістік компаниясы» ЖШС «Зухра» ТҚКС «СемАЗ» ЖШС
1202000 «Тасымалдауды ұйымдастыру және автомобиль көліктерінде қозғалысты басқару» біліктілік 1202063 «Техник»	«Таксопарк» ЖШС «Семавтопарк» ЖШС «Семей Водоканал» КМК Семей қ. «ЦУПП» КМК «Семей қ. абаттандыру және көгалдандыру» МҚК «Семей қ. ОДП». «Семей көлік компаниясы» ЖШС «Семей-Автовокзал» ЖШС
1402000 «Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану» біліктілік 1402203 «Техник-механик»	««Эйкос» өндірістік компаниясы» ЖШС «Семейқұрылысжол» ЖШС «Семей жолдары» ЖШС <b>КОФ РГП «Қазақавтодор ДЭУ-25»</b> «Гордорстрой» ЖШС «Дитас» ЖШС

	«КокпектыЖолдары»ЖШС
1204000 «Су көлігін пайдалану бейін бойынша»: а) біліктілік 1204113 «Техник» б) біліктілік 1204103 «Техник-кеме жүргізуші»	ҚР инвестиция және даму бойынша Министрліктің көлік Комитеті «Су Жолдары» РМҚК Павлодар, Семей, Өскемен қалаларындағы филиалдары; «Семей кеме жөндеу – кеме жасау зауыты» ЖШС, «Есіл-Астана» МҚКК, «Иртыштранс» ЖШС, Омск қ. «Транзит» АҚ, Омск қ. «Южная судоходная компания» АҚ».
1103000 «Кеме жасау және кеме машиналары мен механизмдеріне техникалық қызмет көрсету» біліктілік 1103163 «Кеме жүйелерінің механигі»	

Практиканың барлық түрлерімен және барлық мамандықтар бойынша жұмыс орындарымен қамтамасыз ету 100% құрайды.

ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Су жолдары" РМҚК Семей филиалы, "Гордорстрой" ЖШС» кәсіпорындарында колледждің оқу сыныптары ашылды.

## 7.2. Халықаралық ынтымақтастық

2019-2020 оқу жылында кәсіптік білім беру саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту жалғастырылды. Көлік колледжі Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының кәсіптік лицейлерімен, техникумдарымен, колледждерімен 15 келісімшарт жасаған.

КГБОУ СПО «Алтай өнеркәсіптік-экономикалық колледжі» (Барнаул қ.) және «Көлік колледжі» КМҚК (Семей қ.) арасында ынтымақтастық жоспары бекітілген, онда Барнаул қаласында студенттердің шығармашылық-зерттеу жұмыстарының байқауына, сонымен қатар студенттердің мемлекетаралық ғылыми-практикалық конференциясына, Семей қаласында «Үздік автомеханик» сайысына қатысу қарастырылған.

Көлік колледжі Техникалық және кәсіптік білім беру орталығымен және әдіскерлердің ОӘБ бірге 2020 жылы 15 мамырда облыстық әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспарына сәйкес Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған "Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды" атты студенттердің оқу – зерттеу және жобалау жұмыстарының қашықтықтан мемлекетаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді.

Конференцияға оқытушылардың жетекшілігімен оқу-зерттеу жұмыстарын жүзеге асырған колледж студенттері қатысты, барлығы 62 баяндама көрсетілді.

Ғылыми-практикалық конференцияның мақсаты шығармашыл және дарынды жастардың ізденімпаздық, оқу-танымдық, зерттеу әрекеттерін белсендіру, ТжКББ жүйесінің студенттерін патриоттық тәрбиелеуге жәрдемдесу болып табылады.

Ғылыми-практикалық конференцияның мақсаты шығармашылық және дарынды жастардың ізденушілік, оқу-танымдық және зерттеу қызметін жандандыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі студенттерінің патриоттық тәрбиесіне ықпал ету.

Конференцияда жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1 секция Жеңіс жолында
- 2 секция Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі техника
- 3 секция Мен майданда болған жоқпын, бірақ білемін...
- 4 секция Қаза болғандарды еске алуға лайықты болыңыз!

Конференцияға Семей қаласының "Көлік колледжі" КМҚК, "Геологиялық барлау колледжі" КМҚК, Семей қаласының "Индустриалды-технологиялық колледжі" КММ, Семей қаласының "Электротехникалық колледжі" КМҚК, Семей қаласының "Шығыс Қазақстан технологиялық колледжі" КМҚК, Семей қаласының "Бизнес және сервис колледжі" КМҚК, Семей қаласының "Innovative College" мекемесі, Семей қаласының "Радиотехника және байланыс колледжі" КМҚК, Семей қаласының "Қазтұтынуодағының агробизнес және экономика колледжі", Семей қаласының "Құрылыс колледжі" КМҚК, Семей қаласының "М.Төлебаев атындағы музыкалық училищесі" КМҚК, сонымен қатар "Бесқарағай колледжі" КММ, "Зайсан технологиялық колледжі" КММ, "Катонқарағай аграрлық-техникалық колледжі" КММ, "Риддер аграрлық-техникалық колледжі" КМҚК, "Тарбағатай колледжі" КММ, "Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК және РФ Бийск қаласының "Алтай экономикалық-өнеркәсіптік колледжі" студенттері қатысты.

Конференция қорытындысы бойынша қатысушылар мен жетекшілер сертификаттармен марапатталды.

Конференция жұмысының нәтижесі бойынша баяндамалардың электронды жинағы жарияланды.

2020 жылдың 4-наурызында Бийск қ. КГБОУ СПО «Алтай өнеркәсіптік технологиялар және бизнес колледжінде» Алтай өңірінің білім мекемелерінде оқытындар үшін халықаралық қатысумен «Білім кеңістігінде тұлғаны дамыту: тәжірибе, мәселелер, келешек» атты XV өлкелік ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференцияның мақсаттары:

- өздік ғылыми-зерттеу әрекеттерінің дағдыларын меңгерген білім алдушының шығармашылық тұлғасын қалыптастыру;
- ғылыми-зерттеу қызметтері саласындағы ақпараттармен, тәжірибелермен, жетістіктермен алмасу;
- кәсіптік білім беру жүйесінде білім алып жатқан дарынды жастарды демеу.

Конференция келесі бағыттар бойынша жұмыс атқарды:

1. Гуманитарлық бағыттағы зерттеу жұмыстары.
2. Білім алушылардың жаратылыс ғылымдары бағытында, экологиялық-биологиялық білім және табиғатты қорғау қозғалыстарындағы зерттеу жұмыстары.
3. Білім алушылардың экономика және менеджмент саласындағы зерттеу жұмыстары.
4. Кәсіптік шығармашылық – тұлғаның дамуының құралы мен шарты.
5. Білім кеңістігінде тұлғаны дамытудың әлеуметтік-психологиялық және құқықтық аспектілері.

«Көлік колледжі» КМҚК студенттері өздерінің зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сырттай түрде көрсетті: Лукашук Сергей (21ЭВП) «Зеленая экономика» (ғылыми жетекшісі Куандыкова А.Б. – жалпытехникалық пәндердің оқытушысы) – қатысушы сертификаты, Муратов Ризат (21ТРк) «Не вкусное полезно» (ғылыми жетекшісі Слямова А.Т.- оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі) – қатысушы сертификаты, Муратов Ризат (21 ТРк) «Бензин. Качества бензина на

автозаправочных станциях города Семей» (ғылыми жетекшісі Максатова А.М. - оқытушы) – қатысушы сертификаты, Пинзур Андрей (13ЭАк) «Неньютоновская жидкость» (ғылыми жетекшісі Дюсупова М.Т. - оқытушы) – қатысушы сертификаты, Смаилов Мадияр (31ТРк) «Возрастные особенности личностной направленности студентов «Колледжа транспорта» (ғылыми жетекшісі Жуасбек Ж.С. - оқытушы) – қатысушы сертификаты. Барлық жетекшілер қатысушыларды дайындағаны үшін алғыс хат алды.

Оқу орындарының мекенжайларына Халықаралық мұғалімдер күніне, Жаңажыл және Рождество, Жеңіс күніне арналған электрондық құттықтаулар жіберілді.

## **Атқарылатын міндеттер мен келешекке жоспар тұрғысынан аналитикалық қорытындылар.**

Әртүрлі меншік түріндегі кәсіпорындармен өзара әрекеттесу өткен оқу жылында өндірістік практика кезінде колледж оқушыларының кәсіптік даярлығының сапасын арттыруға мүмкіндік туғызды.

2020-2021 оқу жылында колледждің барлық мамандықтары бойынша практика базаларын кеңейту жоспарланған. 1202000 «Тасымалдауды ұйымдастыру және автомобиль көлігінде қозғалысты басқару» мамандығына ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Жүк автокәсіпорындарының санының кемуіне байланысты жүк практикасына деген сұраныс тез түсіп кетті. Өз автопарктері бар өнеркәсіптік және мамандандырылған кәсіпорындар деңгейіне шығуға тура келеді, мысалы «Семей Водоканал» КМК, Семей қаласын көгалдандыру және абаттандырудың МҚК, «Семей қ.ОДП» кәсіпорындары.

Семей қаласының Кәсіпкерлер палатасымен тығыз әрекеттесу жоспарланған.

Халықаралық ынтымақтастық аясында Ресей Федерациясының оқу орындары мен колледж арасында ары қарай бірлескен іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

## **VIII бөлім. Ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету.**

Колледждің кітапханасы – колледждің ақпараттық-білім беру ортасының тиімді элементі. Оқу кітапханасы оқу орындарында алдыңғы қатарлы технологияларды енгізуге және білім және ғылым саласында мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға белсенді түрде көмектесетін шынайы ақпараттық орталыққа айналды.

Кітапхана оқу үрдісін және тәрбиелік іс-шараларды ақпараттық-библиографиялық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін «Көлік колледжі» КМҚҚ оқу-қосалқы, ғылыми, ақпараттық, идеологиялық және мәдени-ағарту құрылымы болып табылады.

Колледж кітапханасы көлемі мен өз қызметінің алуан түрлігі бойынша орта кәсіптік білім беру мекеме кітапханасының міндеттері мен талаптарына сай. Кітапхана қоры колледждің бағдары мен оқырмандардың ақпараттық қажеттілігіне сәйкес, пәндердің барлық циклдары бойынша міндетті оқу әдебиетпен білім алушылардың әрқайсысына қамтамасыз ету есебінен қалыптасады.

Кітапхананың негізгі міндеттері:

- ақпаратқа еркін, шектеусіз қолжетімділікті қамтамасыз ету және оның көздерін сақтау, студенттерде кітапхананың тәуелсіз тұтынушысының, ақпараттық мәдениет пен оқу мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру;

- автомобиль және су көлігі саласындағы ғылым мен техника жетістіктерін белсенді насихаттау;

- студент жастарды тәрбиелеу бойынша колледж жұмысына қатысу;

- колледж студенттеріне, оқытушылар құрамына және қызметкерлеріне кітапханалық және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету;

- кітапхана қорын қалыптастыру;

- кітапханалық ақпараттық-библиографиялық жұмыстың түрлері мен әдістерін жетілдіру;



- колледждің құрылымдық бөлімшелерімен және қоғамдық ұйымдармен өзара қызметтестік. Колледж кітапханаларымен және аймақтың басқа жүйелері мен ведомстволарымен жұмысты үйлестіру.

Кітапхананың қызметтері:

- білім беру;
- ақпараттық;
- мәдени.

Кітапхананың тұтынушылары – колледждің студенттері, оқытушылары, қызметкерлері. Осылайша, кітапхана бүгін – бұл өз оқырмандарын кітапхана қызметінің барлық шоғырымен қамтамасыз ете алатын, ақпараттық ресурстарға кең қолжетімділік тудыратын ақпараттық орталық.

Кітапхананың барлық бағыттар бойынша жұмысы 2019-2020 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес құрылды.

Кітапхана-медиатека бөлмесінің жалпы ауданы 270,5 кв.м. құрайды, соның ішінде кітап қоймасы 175,5 кв. м. алып жатыр.

Пайдаланушылар қызметіне функционалдық аймақтар бөлінген.

Дәстүрлі абонементі және 50 орындық оқу залы, кітап қоймасы бар кітапхана. Абонемент студенттерге оқу және көркем әдебиетті үйге алуға қамтамасыз етеді. Оқу залында энциклопедиялар, анықтамалық мерзімдік басылымдармен сондай-ақ шағын даналық оқу әдебиетімен дайындалуға мүмкіндік бар.

11 компьютер, 5 принтер (біреуі түрлі-түсті), сканер, ксерокс, Epson Stylus Pro 7700 кең форматты түрлі-түсті бүріккіш принтері, ноутбук қойылған компьютерлік аймақ бар. Компьютерлік аймақтың негізгі міндеттері: кітапхана пайдаланушыларына ақпараттық тапсырыстар, оқу-кәсіптік бағдарламалар мен оқу жоспарларға сәйкес колледж кітапханасының электрондық каталогына, электрондық ақпараттық ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету, электрондық ресурстарға жергілікті және қашықтан қолжетімділікті ұйымдастыру арқылы пайдаланушыларға қызмет көрсетуді іске асыру, оларға ақпаратты іздеу сұрақтары және ақпараттық жүйелер мен электрондық дерекқормен жұмыс істеу бойынша кеңес беру.

Компьютерлік аймақта білім алушылар және оқытушылар электрондық каталогтармен, электрондық ресурстармен жұмыс істейді, сонымен қатар білім алушыларға MS Office қосымшамен жұмыс істеу мүмкіндік беріледі. Электрондық ресурстар залында оқу мақсатымен принтер, көшірме аппараты жұмыс істейді. Сұралған ақпаратты жылдам табуды қамтамасыз ету үшін кітапханада дәстүрлі және автоматтандырылған каталогтар жүйесі құрылған. Ақпараттық-анықтамалық негізгі ресурсы Электрондық каталог болып табылады.

Бейнелік – бұл бейнеақпараттармен топтық және жеке жұмысқа арналған жұмыс аймағы. Стационарлық экранмен, бейнежүппен, үй кинотеатрымен жабдықталған мультимедиялық қондырғылар аймағы бар, бұл кітапхананың оқу залы базасында кітапханалық және сыныптан тыс іс-шаралар өткізуге мүмкіндік береді.

Барлық уақытта да кітапхананың беделі, ең алдымен, оның кітап қорының бай болуымен және сапасымен анықталды және анықталып келеді. Бүгін колледж кітапханасының оқырмандардың сұрауын оңтайлы қанағаттандыруы үшін жеткілікті әлеуеті бар.

Білім беру үрдісін қамтамасыз ету үшін колледж кітапханасында әмбебап қор бар. Оған оқу, ғылыми-көпшілікке мәлім, анықтамалық, көркем әдебиеттер, ақпараттық материалдар, мерзімдік басылымдар, аудио- және бейне өнімдер, электронды басылымдар қоры кіреді.

Кітапхананың жалпы қоры 74995 дананы құрайды, соның ішінде қазақ тілінде— 8090 дана.

Кітапхананың оқу қоры 59713 дананы құрайды, соның ішінде қазақ тілінде – 6877 дана.

Анықтамалық әдебиет- 3542 дана.

Оқу үдерісінің оқулықтар және оқу құралдармен кітаппен қамтамасыздандыру ету талдамасы кітапханамен үнемі циклдық комиссия және оқытушылармен бірге жүргізіледі. Ескірген оқулықтар және оқу құралдары анықталады, шығысқа шығару актісі жасалады. 2018-2019 жылы қорды ескірген және тозығы жеткен әдебиеттерден тазарту жұмыстары жүргізілді. барлығы 10759 дананы құрады. Оқу үдерісіне қажет тапсырыс қажеттілікке қарай жүзеге асырылады. Оқытушылар жылсайынғы аннотациялық каталогтар және кітап баспаларының тақырыптық жоспарларымен танысады. Кітапхана оқытушыларға кітапхананың ақпараттық қабырғасында жаңа әдебиеттің шығуы жөнінде қажет ақпаратты жүйелі түрде орналастырады, сондай-ақ оқытушыларға жеке хабар етеді және «Ақпарат күнін» өткізеді.

Мерзімдік басылымдар әр жартыжылдыққа оқытушылар мен білім алушылардың ұсыныстары мен ұсынымдарын ескере отырып жазылады.

Мерзімдік басылымдар,	50 атау
соның ішінде қазақ тілінде	28

Колледж мамандықтары үшін: «Автомир», «Грузовик – пресс», «За рулем», «Логистика», «Транс – Logistics Казахстан» сияқты басылымдар алады. Бос уақытқа - «Науки и жизнь», «Знание-сила», «Техника-молодежи». Педагогика және әдістемені оқыту сұрақтарына жауаптарын, әріптестің озық тәжірибе туралы ақпаратты оқытушылар «Колледж: кәсіптік білім беру», «Ұстаз. Білім. Шәкірт» сияқты басылымдарынан таба алады. Сынып сағаттар және сыныптан тыс іс-шараларды даярлау үшін материалдар «Тәрбие сағаты», «Классный час», «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар», «Внеклассная работа в школе» журналдарынан көруге болады.

Заманауи кітапхана – бұл тек қана кітап қоймасы ғана емес, сонымен қатар электронды мұрағат. Қағаз түріндегі дәстүрлі оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарынан басқа, студенттер мен оқытушылар арасында ақпараттардың электрондық көздері мен электрондық оқулықтар кең таралып келеді. Кітапханада студенттерге өздеріне қолайлы уақытта 493 дана цифрланған кітаптармен толтырылған электрондық оқу залында жұмыс істеуге мүмкіндік жасалған.

### Электрондық оқулықтар

Көлік колледжінің оқытушылары әзірлеген электрондық оқулық-конспектілер	19
---	----

Сатылып алынған электрондық оқулықтар	19
Кітаптар мен журналдарға электрондық қосымшалар	62
Электрондық оқу залындағы медиатека	493

Ақпаратты электрондық тасымалдағышқа көшіріп алуға, басып шығаруға және көбейтуге болады.

Құжаттың электрондық түрі көшірмелер шығаруға ыңғайлы, бұл тұтынушылардың сапаға деген артып келе жатқан талаптарын қанағаттандыруға және құжаттың түпнұсқасына жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Әдебиет туралы мәліметті дәстүрлі карточкалық нысандағы әліпбилік және жүйелік каталогтарды пайдаланып алуға болады, сондай-ақ электрондық каталогтың көмегімен ақпаратты іздеуге болады.

«Komras-3D\_LT\_V15» бағдарламасын орнатуға және EpsonStylusPro 7700 кеңформатты түрлі-түсті бүріккіш принтерді сатып алуға байланысты оқырмандар осы бағдарламада А4 - А1 форматтарында сызбаларды басып шығару мүмкіндігіне ие болды.

Кітапханада оқушылар мен оқытушыларға кіруге рұқсат берілген Internet (жылдамдығы 100Мб/сек) бар. Колледждің ақпараттандырылу деңгейі кітапхана жұмысында және білім беру үрдісінде жергілікті желіге біріктірілген оқу компьютерлерін қолдануға мүмкіндік береді. Студенттердің оқу мақсатында өздігінен колледждің білім беру порталына шыға алу мүмкіндігі, мультимедиялық технологияларды, интерактивті білім бағдарламаларын қолдану кітапхана әлеуетін айтарлықтай кеңейтеді.

Кітапхана қорын есепке алу «Кітапхана ісі» бағдарламасы арқылы жүргізіледі, ол кітапхана қорын толықтай автоматтандыруға арналған және электрондық кітапхананы құруға мүмкіндік береді. «Кітапхана ісі» бағдарламалық қамтамасыздандыруды алғалы бері электрондық каталогтарды, картотекаларды жасау бойынша жұмыстар жалғасуда. Құжаттардағы ақпараттарға және құжаттардың өзіне қол жетімділікті кеңейту туралы айта отырып кітапхананың электронды каталогы туралы айтпай кетуге болмайды, оған екі база кіреді, олар кітапхананың кітап қоры мен журнал мақалаларының базасы. Колледжге келіп түскен журналдар мен газеттерді күн сайын тіркеу, тәрбие ісі бойынша журналдарды баптар бойынша жазулар жүргізіледі. Электрондық каталог баспа құжаттары қорының құрамы мен мазмұнын толықтай ашады және өзіне әліпбилік, жүйелік, пәндік және басқа да каталогтар мен карточкалардың қызметін біріктіреді, ақпаратты көпәспектiлi iздестiрудi жүзеге асырады. Электрондық каталогтың үлкен iзденiс мүмкiншiлiгi кез келген ақпараттық сұраныстарды тез және тиiмдi орындауға мүмкiндiк бередi. Электрондық каталогпен бiрге дәстүрлi карточкалық каталогтарды редакциялау да жалғасуда.

Кез келген кітапхананың жұмысында кітап көрмесі ерекше орын алады. «Кітапхана» және «кітап көрмесі» ұғымдары бөлектенбейді. Кітап көрмелерін, ашық көрсетілімдерді, виртуалды көрмелерді ресімдеу кітапхана жұмысында дәстүрге айналған. Кітапханада өтетін көрмелер оқырмандар арасында бұлжымайтын табысқа ие. Жарқын, креативті тақырыптар, эпиграфтар, түсіндірме мәтіндер. Осылайша ағымдағы жылы үнемі әрекет ететін көрмелер де («Қазақстан: ежелгі және жас ел – Қазақстан: страна древняя и молодая», «Язык – душа народа», «Менің

мамандығым –менің мақтанышым! - Моя профессия - моя гордость», «Туған өлкенің тарихи тұлғалары – Имена в истории края») тәрізді үнемі әрекет ететін көрмелер де, сондай-ақ, белгілі бір атаулы күндерді, жазушылардың, ақындардың, қоғам қайраткерлерінің мерейтойларын немесе өткір де өзекті мәселелерді жария етуге бағытталған көрмелер де өткізілді: «Желтоқсанда үзілген жауқазындар» (Егемен күні), «И память о войне нам книги оставляют...» (Жеңіс күніне), «Аздырар адам баласын» - көрме – дерек және т.б..

Көрмелердің негізгі қасиеттері: ақпараттылық, жайлылық, көрнекілік, қолжетімділік, жеделдік толықтай қоланылды.

Атаулы және ұмытылмас даталар бойынша сұхбаттар, қызықты хабарлар сағаттары жүргізіледі: «Лучше знать, чем догадываться: имею право» - сұхбат, «Бейбітшілік күзетінде» - ерлік сағаты, «Рухани жаңғыру. Бүгін мен болашағы» - сұхбат және т.б..

Ақпараттарды іздеген кезде оқу залындағы газет және журнал мақалаларынан алынған тақырыптамалық папкалар үлкен демеу болады. Тақырыпты таңдаған кезде біз оқырмандардың сұранысына, өзектілігіне, маңыздылығына және жаңалығына көңіл бөлеміз.

Кітапхана жұмысының бағыттарының бірі библиографиялық өнімдерді шығару болып табылады, олар: библиографиялық көрсеткіштер, жазбаша библиографиялық анықтама, библиографиялық тізім, ақпараттық-анықтамалық басылымдар: «Памятные места – юбиляры города Семей» - буклеттер циклі, «Жидебай мұражайына – 75 жыл» - ақпарат, «Қазақ хандығына 555 жыл» - буклеттер, «Бар қазақтың баласына арналады» (Т.Молдағалиев – 85 жыл), «Қазақтың тұңғыштары» - кітап цикл қағаздары және т.б..

Кітапхана колледждің тәрбие жұмысының бағдарламасын жүзеге асыруға, жеке және көпшілік жұмыстардың әртүрлі түрлерін қолдана отырып, жүйелі түрде ат салысады. Студенттер арасында мәдениет, адамгершілік, салауатты өмір салты, экологиялық тәрбие мәселелері бойынша ағарту жұмыстары жүргізіледі.

Барлық жұмыс 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағытына сәйкес жүргізіледі:

- қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиесі, құқықтық тәрбие;
- рухани-адамгершілік тәрбиесі;
- ұлттық тәрбие;
- отбасылық тәрбие;
- еңбектік, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие;
- зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
- дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Студенттерді үнемі тәрбиелеумен айналыса отырып, кітапхана қызметкерлері оқырман қызығушылығын қалыптастыру мақсатында, кітап оқу мәдениетін тәрбиелеу мақсатында кітаптарды насихаттаудың әртүрлі формаларын қолданады. Барлық курс студенттермен жеке жүйелі сұхбаттар (таныстыру, ұсыну, тақырыптамалық), кеңестер, оқыған кітаптарды талқылау, қысқаша шолулар жүргізіледі.

Жаңадан қабылданған студенттермен жыл сайын бірінші курс Апталығында «Кітапханалық-кітапнамалық білімдердің негіздері» атты кітапхана сабақтары жүргізіледі. Сабақтың бағдарламасы: жұмыс кестесі, кітапхананы қолданудың

ережелері, кітапхана қоры туралы жалпы мәлімет, каталогтарды, анықтамалық басылымдарды қолдану ережелері, жаңадан түскен кітаптарға шолулар.

Жоспарға сәйкес әртүрлі іс-шаралар: сынып сағаттары, викториналар, әдебиетті ашық қарау, кітапнамалық шолулар, қызықты хабарлар сағаттары, жаңалықтарды шолу және т.б. өткізіледі: «Біздің Отанамыздың елордасы – Нұр-Сұлтан. Менің туған қалам – Семей – Столица нашей Родины – Нур-Султан. Мой родной город – Семей» – виртуалды саяхат, «Читаем книги о войне...» - кітап көрмесі, «И память о войне нам книги оставляют...» - кітап көрмесі, «Бейбітшілік күзетінде» - ерлік сағаты. Күнтізбе-жадынамалар: «Пламенное сердце блокадного Ленинграда» (О.Берггольцтің 110 жылдығына), «Человек и мир» (А.Платоновтың 120 жылдығына), «Автору «Землянки» (А.А.Сурковтың 120 жылдығына), «Всю жизнь сражался за Родину!» (М.А.Шолоховтың 115 жылдығына) және т.б..

Кітапхана жалпыколледждің іс-шараларға белсене қатысады, материалдарды іріктейді, кітап көрмелерін ресімдейді, жалпыколледждік «Транспортник» қабырға гәзетін шығаруға көмек көрсетеді.

Колледж сайтында жұмыс жанданды. "Кітапхана – медиатека" беті құрылды, онда кітапхана туралы ережелер, кітапхананы пайдалану ережелері, кітапхана жазылатын мерзімді басылымдар, сондай-ақ колледж сайтында жұмыс істеуге немесе жеке пайдалану үшін көшіріп алуға болатын кітапхана қорынан электронды оқулықтарға қол жеткізу үшін сілтеме орналастырылған және т. б.

Жаңа ақпараттық технологияларды енгізгеннен бері виртуалды көрмелер мен бейне сұқбаттар кеңінен танымалдыққа ие, олар үнемі кітапханадағы компьютерлерде және 3-ші корпусының фойесінде орналасқан теледидардан көрсетіледі, осылайша «Невольник чести! (М.Ю.Лермонтовтың 205 жылдығына), «Про меня ж, бедового спойте вы...»: бір жазушының көрмесі (П Васильевтің 110 жылдығына), «Объединил поэзию и прозу» (Б. Пастернактың 130 жылдығына), «Гордость нашей нации» (Б. Тулегенованың 90 жылдығына) – виртуалды сазды отау және т.б..

Жоспарлау, есеп беру, кітапхана жұмысын есепке алу күнделіктері, келушілер мен кітап беру журналдары дәстүрлі және электронды түрде жүргізіледі.

Кітапхана жұмысын анықтайтын және реттейтін (Ережелер, Қағидалар, нұсқаулықтар және т.б.) жаңа құжаттарды әзірлеу және қолда бар құжаттарды редакциялау бойынша үнемі үлкен әдістемелік жұмыс жүргізіледі, дәстүрлі анықтамалық аппарат, библиографиялық жұмыс жүргізіледі. Кітапхана басылымдарын қалпына келтіру бойынша (кейде кітапхана үшін өте құнды) үлкен жұмыстар жүргізілуде.

Біздің заманымыз «өзгерістер дәуірі» деп аталады. 21 ғасырда ақпарат тұлғаның, мемлекеттің және жалпы алғанда адамзаттың стратегиялық өндіргіш ресурсына айналуға. Компьютерлік телекоммуникациялардың заманауи құралдарын, олардың желілік қосымшаларын кім белсенді түрде пайдаланса, соған ең үлкен экономиялық және әлеуметтік табыс серік болуда. Жаңа технологияларды енгізумен бірге персоналдың кәсіпқойлығы мен іскерлік қасиеттері үлкен маңызға ие. Адамдармен жұмыс істей алу іскерлігі және ақпараттық технологияларды меңгеру талап етілуде. Жаңа жағдайларда кітапханашы еңбегінің сипаты едәуір өзгергенін атап өту маңызды. Кітапхана қызметкерлері ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, тренингтерге, дөңгелек үстелдердің жұмысына белсене қатысады. Басқа оқу

орындарындағы әріптестермен кәсіптік байланыс, идеялармен және тәжірибемен алмасу зияткерлік өсуге септігін тигізеді. Осылайша, бүгінгі күнге тән ерекшелік, кітапханашылардың өз қызметтерінің аясында болып жатқан өзгерістерге ілесе алуға міндетті үздіксіз білім алуы және өздігінен білім алуы.

Заманауи кітапхана тұтынушының санасына позитивті жарнамалық әсер етуіне және өзіндік беделін көтеру үшін барлық жағдай жасалған. Егер театр киімдігіштен басталатын болса, онда кітапхана оқырманның кітапханашымен тілдесу сәтінен басталады. Сондықтан, біз, кітапханашылар, адамдар бізден ризашылықпен, жүздерінде күлкі ойнап және қолдарына қажетті кітаптарын ұстап шығуына күш салуымыз керек.

Кітапхана жұмысы үнемі жанару, жаңа теориялық білім мен практикалық тәжірибені меңгеру, инновациялық әдістемелер мен жұмыс бағыттарын құру үстінде. Ақпараттық дәуір адамды оқуға, өз білімі мен зияткерлік іскерліктер аясын кеңейтуге мәжбүрлейді. Ал кітапхана ол үшін ақылды да іскер көмекші.

### **Шешілетін міндеттер тұрғысынан және келешекке талдамалық қорытындылар.**

Кітапхананың кітап қорын цифрлау бойынша жұмыстарды жалғастыру. Колледждің барлық мамандықтарын кітаппен қамтамасыз етудің бірыңғай дерекқорын құруды жалғастыру. Қазақстан Республикасының мәдени мұрасын насихаттау жөніндегі жұмысты жандандыру. Кітапхананың электронды каталогын пайдаланушылардың санын кеңейту және пайдалану тиімділігін арттыру.

Колледждің жергілікті желісіне қосылу және кітапхана және ол өткізетін іс-шаралар туралы ақпаратты колледж порталында орналастыру үшін колледж сайтында кітапхана бетін құру қажет.

## **ІХ бөлім. Тәрбие жұмысы**

### **9.1. Колледждің тәрбие жұмысын құру жүйесі**

Колледждің тәрбие жүйесін жоспарлау және жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес (12, 27, 28, 29, 30 баптар) тұжырымдамалық негіздерге, «Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары туралы», «Білім туралы», «Тіл туралы», «Дінге сену бостандығы және діни бірлестіктер туралы», «Неке және отбасы туралы», «Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыздық пен панасыздығын болдырмау туралы», «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы», «СПИД ауыруының алдын алу туралы», «Шылым шегудің алдын алу және шектеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы: келешекке жол», ҚР Үкіметінің 27.02.2013 ж. №191 Қаулысымен мақұлданған, ҚР Президентінің ««Халықтың денсаулығы» мемлекеттік бағдарлама туралы» Жарлығы, ҚР Президенті Қ.КТоқаевтың жыл сайынғы Жолдауы, ҚР жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі 2015-2025 жылдардасалалық бағдарламаны жүзеге асыру бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің іс-шаралар жоспарының негіздерінде жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы колледждің тәрбие жұмысының жылдық жоспары негізінде жүргізіледі, ол ұзақмерзімді басымдылыққа, спорт секцияларының, жатақхананың студенттік кеңесінің, студенттердің жастар комитеті мен өзін өзі басқару органдарының, пәндік-циклдық комиссияның, пән үйірмелерінің, техникалық шығармашылық үйірмелерінің, колледж мұражайы кеңесінің жоспарларына, «Исток» ҚБ-мен, наркодиспансермен, ПОб-мен бірлескен жоспарларға, педагог-психологтың жоспарына, құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің, оқу-тәрбие комиссиясының жоспарларына, өлкетану мұражайымен, Жауынгерлік және Еңбек даңқы мұражайымен және қаланың басқа мұражайларымен келісімшарттарға, Достық үйімен ынтымақтастыққа, БАҚ, жастар ұйымдарымен сәйкестендірілген. Жоспарлардың мәні колледж түлегінің жеке өзін өзі дамытуына, өзіндік табысты жетілуіне және өз орнын табуына, полимәдениетті тұлғаны тәрбиелеуге, маманның идеалды моделін құруға, құндылықтарға бағыттауға, азаматтық позициясын қалыптастыруға және денсаулық сақтау факторларына бағытталған.

Колледждің тәрбие жұмысының жүйесі, жалпы алғанда бәсекеге қабілетті маман даярлау, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерініңкелесі бағыттары бойынша жүзеге асырылады: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбиесі, ұлттық тәрбие, отбасылық тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Колледжде әдістемелік кабинет жұмыс атқарады және барлық оқытушыларда заңдарды, заңнамалық актілерді және мерзімдік басылымдардағы басқа да құқықтық ақпараттарды меңгеру мүмкіншіліктері бар.

2019-2020 оқу жылында барлық іс - шаралар "Рухани жаңғыру" бағдарламасын және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев жариялаған Еріктілер жылы бағдарламасын жүзеге асыру аясында өткізілді.

Колледж әкімшілігі қоғамдық бірлестіктермен бірге ата-аналар жиналысын ұйымдастырады, онда денсаулықсақтау, құқыққорғау, заң органдарының және Семей қаласы жұмыспен қамту бөлімінің мамандары ата-аналарға оқу-тәрбие жұмысына қажетті құқықтық және оның алдын алу ақпараттарын жеткізеді. Сынып жетекшілері ата-аналардың топтық жиналыстарында кәметке толмаған балалар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік бойынша ақпараттармен таныстырады.

Колледждің медиатекасында студенттер мен оқытушылар Ғаламтор ресурстарын, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мерзімдік басылымдарды, тақырыптамалық құжаттаманы, колледж мұражайының, сынып сағаттарының материалдарының электрондық нұсқаларымен, бағыттар бойынша тәрбие жұмысына көмек ретінде әдістемелік ұсынымдарды қолдана алады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің бұрышы, директордың қабылдау бөлмесінде өтініштердің үлгілері көрсетіліп, ТЖКБ жүйесінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша стенд рәсімделді. Барлық оқу корпустарында колледж оқытушысының ар-ұждан кодексі, сонымен қатар педагогикалық этика ережелері орналастырылған. Колледж директорына қойылатын сұрақтар жәшігі бар. Жемқорлыққа қарсы күрес кеңесі құрылған. «Адалдық дүкені» стенді рәсімделген. Колледжде сенім телефоны және психологтың жеке сенім телефоны қызмет атқарады.

Колледжде ақпараттық-насихаттау тобы, «Ділмар» (дебат клубы), «Жас сарбаз» (әскери-патриоттық), «Транспортник» (волонтерлық), «Жасыл шам» (әдеби-танымдық) клубтары, діни ағарту тобы, «Арлан» полицияға жәрдемдесу отряды жұмыс атқарады. Ата-аналар комитеті де өз жұмысын жүргізуде.

Тәрбиелік іс-шараларды, ашық сынып сағаттарын өткізген кезде бейне және фотоматериалды көрсетумен мультимедиялық жабдықты қолдану міндетті болып табылады. 1 және 3 корпусстардың фойесінде тәрбие және әдістемелік іс-шаралардың материалдарын трансляциялау үшін теледидар экрандары орнатылған. Колледждің барлық корпусстарында ағымдағы оқу жылында іс-шараларды дыбыстық сүйемелдеу жабдығы орнатылған. №1 корпусстың көшеге шығатын бүйір қабырғасына цифрлық жүгіртпежол орнатылған. Колледж, қала, облыс шеңберінде өткізілетін іс-шараларға жергілікті телевидение шақыртылады. Материалдар информатика кабинетінде жинақталады. Колледж сайтының әкімгері колледждің [www.skt.kz](http://www.skt.kz) сайтына орналастырылатын материалдарды жаңартады, онда колледж тарихы, мамандар даярлайтын мамандықтар, колледжде өткізілетін тәрбиелік іс-шаралар туралы ақпараттар бар.

Колледж студенттерінің жастар комитетінің (төрағасы Қызырбек К.Т.), Жауынгерлік және Еңбек даңқы мұражайы кеңесінің (төрағасы Амербаева Г.К.) кітапхананың және жатақхана тәрбиешілерінің белсенді жұмысы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады.

## **9.2. Оқушылардың денсаулық жағдайының талдамасы.**

Күндізгі бөлім студенттерінің контингенті 796 студент. Білім алушыларға ҚР Үкіметінің 24.02.2015 ж. №128 «Міндетті медициналық тексерулерді жүргізу ережелері туралы» Қаулысының негізінде «Жан-Ер» медициналық орталығы медициналық қызмет көрсетеді, колледж «Жан-Ер» ЖШС-пен келісімшарт жасаған, ол толық көлемде көмек көрсетеді: алдын алу тексерулері, медициналық тексеру, амбулаторлық емдеу, диспансерлеу, сондай-ақ колледжде білім алушыларға медициналық қызмет көрсетілуін жақсарту үшін медициналық денсаулықсақтау пункті қызмет атқарады.

Медициналық тексеру жылына бір рет жүргізіледі. Ағымдағы жылы жаңадан қабылданған студенттер үшін медициналық тексеру 07.11.2019 - 10.11.2019 ж. өткізілді.

Флюорографиялық тексеру 06.11.2019 ж., 11.11.2019 ж., 18.01.2020 -24.01.2020ж. өткізілді.

Қайтадан флюорографиялық тексеру анықталмады.

Денсаулық жағдайына байланысты арнайы медициналық топқа енгізілген студенттер медициналық тексеруден семестрде 1 рет және қажеттілігіне қарай өтеді.

Студенттердің медициналық топтарға кіруі: арнайы медициналық топ 1 адам және дене шынықтыру сабақтарынан босатылғандар 25 адам. Негізгі топ 770 адам. 100% студент қаралды.

Диспансерлік есепке алынғаны 15 адам.

Оқу жылы бойы келесі егулер салынды: АДС-М - 44 адам, корь - 63 адам.

"Коронавирустық инфекция", "ЖРВИ және тұмау", "Туберкулез", "Ішек инфекциясы", "Вирустық гепатит туралы фактілер", "Қызылша" тақырыптарына санбюллетеньдер шығарылды.



Еңбекке жарамсыз болып қалу өткен жылмен салыстырғанда азайды.

### 9.3. Үйірмелер мен секциялар жұмыстарының жүйесі. Оқушылардың қамтылуы.

Колледжде оқу жылының басынан бастап 8 спорт секциясы және 6 үйірме жүйелі түрде жұмыс атқарады. 2019-2020 оқу жылының көрсеткіштері:

Үйірмелер мен спорт секцияларына қатысатын студенттердің саны	334
Соның ішінде колледжішілік\қалалық үйірмелер	334/70
Соның ішінде колледжішілік\қалалық секциялар	334/70
Құқықбұзушылық бойынша «қатер тобындағы» студенттердің жалпы саны / соның ішінде үйірмелер мен секцияларға қатысатын студенттер саны	7/5
«қатер тобындағы» аутодеструктивті мінез-құлықты студенттердің жалпы саны / соның ішінде үйірмелер мен секцияларға қатысатын студенттер саны	4/4

#### 2019-2020 оқу жылында спорт секцияларына (колледждік және қалалық) барғандар:

1. Баскетбол - 55 адам
  2. Волейбол - 57 адам
  3. Үстел теннисі - 48 адам
  4. Шахмат - 20 адам
  5. Тоғыз құмалақ - 20 адам
  6. Ату - 40 адам
  7. Жеңіл атлетика - 32 адам
  8. Ауыр атлетика - 62 адам
- Барлығы: – 334 адам.

Колледжде 8 спорт секцияларының жұмысы ұйымдастырылған: баскетбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, ату, жеңіл атлетика, тоғыз құмалақ, ауыр атлетика. Сонымен бірге «Президенттік көпсайыс» тобы әрекет етеді. Оқытушыларда күнтізбелік жоспарлар мен студенттердің секцияларға қатысуларының есеп журналы бар.

Жыл сайын қараша айында жаңадан қабылданған топтар үшін көркемөнерпаздар байқауы, мәнерлеп оқушылар мен жүргізушілер сайысы өткізіледі.

Колледж студенттері серіктестік шеңберінде «Исток» қоғамдық бірлестігімен бірге волонтерлық жұмыспен шұғылданады, жетекшісі электртехника пәндерінің оқытушысы В.Г.Байтмиров. Әр оқу жылының басында «Исток» ҚБ бірге жұмыс жоспары құрастырылады. Осы оқу жылында волонтерлар саны 769 адамды құрады. «Транспортник» волонтерлар клубы белсенді жұмыс атқарады. Волонтерлер осы оқу жылында Аналар үйіне, ҰОС ардагерлеріне үлкен қолдау көрсетті, "Прииртышье" өлкелік қоғамдастығымен тығыз байланыс жасалды. Колледж студенттері жыл сайын мамыр айында қоғамдық қормен ұйымдастырылған «Саябақтар маршына» қатысады. Сондай-ақ «Қан тапсырып – өмір сыйла!», «Біз темекіге қарысымыз», «ЖҚТБ өмір дерті» акцияларына қатысты. Карантин уақытында «biz birgemiz»,

«Спасем мир обучаясь дома», «Дистанция нам не преграда» акцияларына онлайн режимінде қатысты.

Колледжде 21 студент Жас Отан жастар қанатының мүшелері; 15 адам Қазақстан студенттерінің альянсының мүшелері болып табылады. Жас Отан жастар қанатының мүшелері колледжде әдеби-сазды кеш, спорттық эстафета ұйымдастырды.

Колледжде жастар комитеті жұмыс атқарады. Колледждің барлық студенттері комитет мүшелері болып табылады. Аталған ұйымның жұмысы жастар бөлімінің жұмысымен өзара байланысқан.

21 студент колледж активінің мүшелері, 30 студент жатақхана студенттерінің кеңесінің мүшелері болып табылады. Колледжде «Ділмар» пікірсайыс клубы жұмысын жалғастыруда. Оның жетекшісі тарих пәнінің оқытушысы Ораз А.А. Колледж студенттері айына бір рет өткізілетін клубтың отырыстарына белсене қатысады. Пікірсайыс жарыстарының тақырыптары бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне арналған.

Студенттердің сабақтан тыс уақыттарын қадағалау үшін колледждің мұражай Кеңесі үлкен жұмыс жүргізеді. Мұражай Кеңесінің құрамына оқытушылармен қатар колледждің 10 студенті кіреді.

Жастар арасында колледжде ұйымдастырылған «Жас сарбаз» патриоттық клубы зор жұмыс атқаруда. Оның құрамына ресми түрде колледждің 35 студенті кіреді.

Колледжде «Арлан» полицияға жәрдемдесу отряды жұмыс істейді. Оның жетекшісі арнайы пәндердің оқытушысы Иманбаев А.Ш. Осы жылы 15 адам отряд мүшелігіне қабылданды. «Арлан» отрядының мүшелері колледждің барлық іс-шараларына белсенді түрде қатысады, кезекшілік атқарады, тәртіпті қадағалайды.

Бүгінгі күні колледжде студенттердің сабақтан тыс уақытын қамту 80%-дан асады деп сеніммен айтуға болады. Себебі, 8 спорт секциясы және 3 көркемөнер үйірмелерімен бірге колледжде пән үйірмелері де өз жұмыстарын атқарады. Колледжде пән үйірмесінің жұмысы ұйымдастырылған, оның мүшелері колледждің ғылыми қоғамының қатысушылары болып табылады. Осы студенттердің жұмыстарын ынталандыру мақсатында колледжде жыл сайын мемлекетаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіледі. Осы оқу жылында ол халықаралық ғылым күніне күніне арналды.

#### **9.4. Көлік колледжі мұражайының қызметі**

Колледждің Ерлік және Еңбек Даңқы мұражайы 2019-20 оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары бойынша жұмыс атқарды.

Алдын ала жасалған кестеге сәйкес 2019 жылдың 10-25 қыркүйегі аралығында жаңадан қабылданған студенттер колледж мұражайына барды. Мұражай жетекшісі Г.К.Амербаева жоғарғы курста оқитын мұражай кеңесінің мүшелері қатарынан болған экскурсия жүргізушілермен бірге бірінші курс аптасы аясында барлық жаңа топтарда таныстыру экскурсияларын және жас оқытушыларға арналған шолу-тақырыптық экскурсияны өткізді.

2019 жылдың 7 қазанында мұражай кеңесінің мүшелері сынып жетекшілерімен бірге жаңа қабылдау топтарында колледж тарихы бойынша сынып

сағаттарын өткізді. Мұражай кеңесінің мүшелері дайындаған презентацияны қолдана отырып, колледждің құрылу тарихы, оның одан әрі өсуі, материалдық-техникалық базаны құру және нығайту, колледждің жетістіктері туралы айтылды.

2019 жылдың 15 қазанында мұражай кеңесінің мүшелері жаңадан қабылданған топтар арасында колледж тарихын білуге байқау өткізді. Байқау нәтижелері жарияланып, жеңімпаздар грамоталармен марапатталды.

2019 жылдың 18 қарашасында математика кабинетінде көлік колледжінің бірінші директоры Байсейітов Азиз Байсейітұлын еске алу туралы бірінші курстарға арналған іс-шара өтті. Іс-шараны "Колледждің бірінші директоры - Байсейітов Азиз Байсейітұлы" кабинетінің меңгерушісі, математика пәнінің оқытушысы Балнұр Маратқызы Ғазиз колледж мұражайымен бірлесіп өткізді.

2019 жылдың 22 қарашасында "Көркемөнерпаздар" байқауы аясында жаңадан қабылданған оқушылар арасында колледж әнұранын білу және үздік орындау байқауы өтті. Байқауға қатысушыларды бағалау және қорытынды шығару құрамына мұражай кеңесінің мүшелері, колледждің жоғарғы курс студенттері кірген білікті қазылар алқасына жүктелді. Байқау шарттары бойынша бағалау келесі критерийлер бойынша өтті: орындау салтанаты (сапқа тұру, сыртқы түрі), мәтінді білу, музыкалық орындау, сахналық мәдениет. Барлық топтар жақсы дайындалды. 1-орынды 13 ТРЭ-к тобы иеленді.

2019 жылдың 25 қарашасында көлік колледжінде колледж түлегімен кездесу өтті. Кездесу кешін 3 курстың 31 ДМ-к тобының студенттері колледж мұражайымен бірлесіп ұйымдастырды. Қонақ ретінде колледждің "Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану" мамандығы бойынша түлегі Қизатоллаев Медғат Маратұлы шақырылды. Медғат Маратұлы Семей қаласындағы цемент зауытында жүк көлігі бөлімшесінің механигі болып жұмыс істейді. Техник-механик мамандығы бойынша оқитын студент жастармен кездесуде пікір алмасуға, таңдаған болашақ мамандығына жүйелі көзқарас қалыптастыруға, кәсіби мамандыққа деген қызығушылықты арттыруға, осы жолда білім, білік және дағды алуға деген ұмтылысты оятуға бағдар берілді.

2019 жылы 10 желтоқсанда колледждің акт залында аты аңызға айналған адам, Ұлы Отан соғысының ардагері Н.Н.Силиннің туғанына 97 жыл толуына арналған мерекелік іс-шара өтті. Мерекені өткізуге "Жасыл шам" үйірмесінің мүшелері жауапты болды, жетекшісі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Байбусова Гүлшат Әлжанқызы. Салтанатты іс-шараға жаңдан қабылданған 13 ЭА, 11 СМ, 11 ЭВП топтары шақырылды.

2019 жылдың 11 желтоқсанында Тұяқбай Төлеуұлы Молдажановқа арналған шахмат турнирі өтті. Іс-шараны дене шынықтыру мұғалімі К.С.Оспанов және колледж мұражайы ұйымдастырды. Жарысқа жаңа топтардан 17 шахматшы қатысты. Ойын барысында жас дарындар жүлделі орындар үшін күресті. Нәтижесінде орындар келесідей анықталды: 1-орын Саханов Аслан /13трэ-к/, 2-орын Ремнев Владимир /11дм/, 3-орын Еркебұлан Серік /12трэ-к/. Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерді Т.Т.Молдажановтың ұлы, арнайы пәндердің оқытушысы Молдажанов Талғат Тұяқбайұлы құттықтап, марапаттады.

2020 жылдың 14 қаңтарында "Әлемді баураған тұлға" атты тақырыптық экскурсия өткізілді, онда колледждің барлық директорлары туралы және қазіргі колледж директоры, "Әлем барысы" А.С.Нұғымаров туралы әңгіме болды.

Экскурсияны 21–ДМ-к студенті, студенттік ғылыми конференцияның жеңімпазы Қабжанов Мейіржан жаңадан қабылданған 11ЭА-к тобы үшін өткізді.

2020 жылдың 30 қаңтарында "Олар бізден оқыды" атты тақырыптық экскурсия өткізілді. Мұражай кеңесінің мүшесі Ахмет Ақерке 11СМ тобының студенттеріне көлік колледжінде мамандық пен өмірге жолдама алған түлектер, колледж тарихында жарқын із қалдырған адамдар туралы айтып берді.

2020 жылы 18 ақпанда "Көлік колледжі" КМҚК мәжіліс залында Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 30 жыл толуына арналған колледж түлектері - Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өтті. Кешке интернационалист-жауынгерлер колледж түлектері Цветков Александр Сергеевич, Чернейкин Михаил Николаевич және Гуров Александр қатысты. Кеш колледждің Жауынгерлік және Еңбек Даңқы мұражайы мен "Семей қаласының орталық мәдениет және демалыс саябағының» ұжымы ұйымдастырды.

2020 жылдың 24 ақпанынан 3 наурызына дейін мұражай колледж оқытушысы Г.Р.Шарафудиновамен бірге колледждің 1 корпусында колледждің су бөлімінің түлегінің "Өнер және мамандық - Гавриленко» атты картиналар көрмесін өткізді.

2020 жылдың 2 мамырында мұражай кеңесінің мүшелері бейнефильм жасап, "Біз оларды есімізде сақтаймыз" тақырыбында онлайн "Еске алу акциясын" өткізді. Онлайн "Еске алу акциясы" Ұлы Отан соғысына біздің оқу орнынан қатысқан оқушыларға, оқытушыларға, қызметкерлерге арналды.

Желтоқсан айында мұражай кеңесінің мүшелері 2019-2020 оқу жылының 1 семестріндегі мұражай жұмысы туралы фотогазет құрды. Газет 1 корпусқа орналастырылды.

Колледж мұражайы "Қарттар күні", "Жаңадан қабылданған топтар арасындағы көркемөнерпаздар байқауы" сияқты жалпыколледждік іс-шараларды ұйымдастыруға қатысты.

Музей кеңесінің мүшелері онлайн ғылыми-студенттік конференцияға қатысты. Колледж оқытушылары мен Мұражай кеңесі мүшелерінің көмегімен қор "Біз оларды есімізде сақтаймыз!" - ҰОС қатысқан колледж студенттері, оқытушылары және қызметкерлері туралы материалға толықты.

Колледждің 90 жылдығына арналған альбом жұмысы жалғасуда, онда колледж оқытушылары, қызметкерлері мен студенттерінің фотосуреттері орналастырылған және "Серпін жастары" бағдарламасы бойынша түскен студенттерге арналған альбоммен жұмыс жалғасуда.

Жыл бойы "Көлік колледжі" КМҚК мұражайы жыл сайын "Ардагерге барынша жақсылық жаса" акциясын өткізеді. "Ардагерге барынша жақсылық жаса" акциясы колледж студенттерінде, оларды қайырымдылық істеріне тарту арқылы жақсылық жасау қажеттілігін қалыптастыруға және соғыс және еңбек ардагерлеріне шаруашылық бойынша нақты көмек көрсетуге, бос уақытты ұйымдастыруға және т.б. бағытталған. Колледж студенттері осы акцияға белсенді қатысады, олардың топтарына бекітілген колледж ардагерлеріне барады, оларға қолдан келгенше көмек көрсетеді.

## **9.5. Жастар ұйымының**

### **оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының жұмысы**

Колледждің жастар комитеті қоғамдық жастар ұйымы түрінде құрылған жастардың ерікті бірлестігі болып табылады. Жастардың мүдделерін қамтитын

қоғамдық ұйым колледж студенттерінің шығармашылық және қоғамдық өмірлерін ұйымдастырады.

**Жастар комитетінің төрағасы:** Фархадов Ислам- 31 ТРк

**Мәдени-көпшілік комиссия:**

1. Балабай Гулимхан - 23 ТРк тобының студенті,
2. Мухаметхан Ахметхан- 31 ЭАк тобының студенті,
3. Куанышев Думан - 41 СМ тобының студенті
4. Алтынбек Аманжол - 23ТРк тобының студенті
5. Сайлыбаев Аманат- 23 ТРк тобының студенті
6. Кыстаубаев Нурсултан - 44ТРк тобының студенті,
7. Бельгибаева Перизат - 31 ЭАк тобының студенті.

**Оқу-тәрбие комиссиясы:**

1. Кунапья Адиль - 41ТР тобының студенті, оқу-тәрбие комиссиясының төрағасы.
2. Муратов Ризат –31 ТРк тобының студенті
3. Саханов Аслан - 13 ТРк тобының студенті
4. Оразканов Ерасыл - 31ТРк тобының студенті,
5. Исламов Фархад - 31 ТРк тобының студенті,
6. Нургазы Куат - 45 ТРк тобының студенті.

**Тұрғын үй-тұрмыстық комиссия:**

1. Сагинтай Гульфайруз - 31 ДМк тобының студенті, тұрғын үй-тұрмыстық комиссияның төрағасы.
2. Амантаев Дидар - 41 ДМк тобының студенті,
3. Нуртазин Елжан - 31 ДМк тобының студенті,
4. Мамутов Шакарим - 31 ДМк тобының студенті.

**Редакциялық алқа:**

1. Кабиров Олжас- 31 ЭА тобының студенті, редакциялық алқаның төрағасы.
2. Серик Еркебулан - 12 ТР тобының студенті,
3. Амангазы Шакирман –12 СМк тобының студенті,
4. Молчанова Александра- 11ЭВП тобының студенті.

**Спорттық-сауықтыру комиссиясы:**

1. Марчук Владимир – 41 СМ тобының студенті, спорттық-сауықтыру комиссиясының төрағасы.
2. Суханов Андрей – 41 СМ тобының студенті,
3. Семирханов Наиль - 47ТРм тобының студенті
4. Азербаев Анес- 12 СМк тобының студенті.

**Колледждің жастар комитетінің тұрақты жұмысы:**

Колледж активінің отырысы – айына 1 рет

ҚБААК отырысы – айына 1 рет

Ай қорытындысы бойынша жиын өткізуге көмек – айына 1 рет

Электрондық түрде «тікенектерді» жинау– апта сайын

**Жалпыколледждік іс-шараларды өткізуге көмек:**

«Алғашқы қоңырау», «Қарттар күні», «Мұғалімдер күні», «Студенттер қатарына қабылдау», «Автомобильші күні», «ҚР Тәуелсіздік күні», «Үздіктер слеті», «Ғылым апталығы», бітіру кештері, «Менің сүйікті ұстазым» атты үздік бейнебаян мен тұсаукесер сайысы, «Алғыс күні», «Наурыз мейрамы», «Ашық есік

күні», «Қазақстан халқының бірлігі күні», «Үздік автомеханик», «Шылым шегумен күрестің халықаралық күні», «Сап және әннің қалалық байқауы», «Аламан» сайысы, «Колледждің туған күні», «Жеңіс саябағында гүл шоқтарын қою», «Халықаралық әйелдер күні», «Вена балы - 2018», «КТК», «Жаңа жыл».

#### **Қаланың қоғамдық ұйымдарымен бірлесіп өткізілген іс-шаралар:**

"Транспортник" еріктілер клубы "Исток" қоғамдық ұйымы ұйымдастырған іс-шараны ұйымдастыруға және өткізуге көмектесті. Еріктілер "Бірге жарқын!" атты республикалық экологиялық фестивалге қатысты.

Еріктілер ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне 2019 жылдың қаңтар айында "Әлемді таза ет" акциясымен барып, ардагерлердің аулаларын қардан тазартуға көмектесті. Сондай-ақ осы акциямен бірнеше рет "Аналар үйіне" барды.

Сондай-ақ, қайырымдылық концертімен Семей қаласының "Оңалту орталығына" барып, орталық басшылығынан алғыс хат алды; сонымен қатар колледж студенттері еріктілер жылы аясында "Жақынына жақсылық жаса" акциясын ұйымдастырды, онда қиын әлеуметтік жағдайдағы студенттерге азық-түлік жиналды.

#### **Комиссия жұмысы:**

##### **Мәдени-көпшілік комиссия:**

1. «Қарттар күні" іс - шарасын өткізуге көмек;

2. «Мұғалімдер күні" іс-шарасын өткізуге көмек;

3 «Студенттер қатарына қабылдау» іс-шарасын өткізуге көмек;

4. "Автомобилист күні" іс-шарасын өткізуге көмек»;

5. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні" іс - шарасын өткізуге көмек;

6. «Үздік оқушылар слеті" іс-шарасын өткізуге көмек;

7. «Колледждің үздік студенті - 2019-2020 оқу жылы»

13 ақпан күні "Үздік студент-2019" байқауы өтті

Оған 8 студент қатысты:

1. Балабай Гулимхан 23ТРк

2. Токенов Алишер-12 ЭАК

3. Сегизбаев Дамир-11 СМ

4. Серик Еркебулан- 12 ТРк

5. Фархадов Ислам 31 ТРк

6. Серый Никита 21ЭВП

7. Мамутов Шакарим-31ДМК

8. Морозова Кристина-31ЭВП

Қазылар алқасы директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, колледж белсендісі және өткен "Колледждің үздік студенті" байқауының жеңімпазы болды.

Аубакирова А.М. - директордың ТЖ жөніндегі орынбасары

Кызырбек К.Т. - педагог-ұйымдастырушы

Куанышев Думан – "Колледждің үздік студенті-2018" байқауының жеңімпазы.

Муратов Ризат – "Колледждің үздік студенті-2018" байқауының жеңімпазы.

Байқау 3 кезеңде өтті.

**Бірінші кезең** - "Портфолио" байқауы, қатысушылар портфолио жинауы тиіс, оған студенттердің жетістіктері, сынақ кітабының көшірмесі, сынып жетекшісінің мінездемесі кіреді.

**Екінші кезең** – «Көшбасшылар» викторинасы.

**Үшінші кезең** - "Шығармашылық конкурс", онда біздің қатысушылар қазылар алқасына вокал, көркем оқу, қолөнер, спорттық этюдтер және тамақ дайындау сияқты өздерінің шығармашылық қабілеттерін ұсынды.

Барлық қатысушылар жастар комитетінен грамоталар мен сыйлықтар алды. Байқау жеңімпаздары 2000 теңгеден алды.

"Старт-2019" сайыс-байқауында эстафета, гір көтеру, қаппен жүгіру сияқты байқаулар өткізілді.

"Танысу кеші-2019" конкурсын өткізу. Жатақханада тұратын студенттер қатысты. Байқау бағдарламасында: қабатты көрсету, қабырға газеті, эмблема, қолдау тобының көпшілігі.

27.11.19ж. жаңадан қабылданған топтар арасында көркемөнерпаздар байқауы өтті.

"Вена балы-2019", «Көлік колледжінде өзін-өзі басқару күні» карантинге байланысты өтпеді.

**Тұрғын үй-тұрмыстық комиссия:**

Жыл бойы жатақханада тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша, колледжде (асханада) жұмыстар жүргізілді. 2020 жылдың ақпан айында колледж жатақханасында "Таза бөлме" байқауы ұйымдастырылды, арнайы комиссия рейдтер жүргізді, оның нәтижелері бойынша студенттермен және олардың сынып жетекшілерімен әңгімелер жүргізілді.

**Редакциялық алқа:**

Психология апталығы шеңберінде суреттер сайысы, ҚР Тәуелсіздік күніне арналған суреттер сайысы, «Жаңа жыл», «8 Наурыз», «ҚР халқының бірлігі күні», «Отан қорғаушылар күні», «Жеңіс күні» мерекелеріне арналған газеттер шығару.

**Спорттық – сауықтыру комиссиясы:**

Комиссия студенттерді волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ тәрізді спорт секцияларына тартуда өте жақсы жұмыс атқарды. 2019 жылдың қыркүйегінде дене тәрбиесі және АӘД циклімен бірге "Старт-2019" спорттық жарысы ұйымдастырылды, оған жаңадан қабылданған студенттер қатысты.

## **9.6. Нашақорлық пен уытқұмарлықтың, СПИД және жыныс**

**жолдарымен берілетін ауырулардың алдын алу бойынша жұмыс жүйесі**

Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері бойынша салауатты өмір салтының денсаулық сақтау ортасын қалыптастыру салауатты өмір салтын, жас адамды психикалық тұрақтылықпен қамтамасыз ететін және тиімді кәсіптік қызметіне қажетті тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруды өз мақсаты етіп қояды. Оның құрамына алдын алу білімі кіреді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктері туралы, оның қызмет ету ерекшеліктері, адамның дене, психологиялық және рухани денсаулығының өзара байланысы туралы беретін ағартушылық ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының үрдісімен ғана емес, сондай-ақ тәрбиеленушілерді спорттың әртүрлі түрлерімен шұғылдануға тікелей тарту жолымен де жүзеге асуы тиіс.

Колледждегі осы бағыттағы жұмыс түрлерінің бірі тек дені сау адамды тәрбиелеу ғана емес, сонымен бірге салауатты өмір сүруді ұйымдастыруда жеткілікті білім және іскерлікті меңгерген адамгершілік ұғымдарын білім алушылар арасында қалыптастыру болып қала береді. Осыған байланысты үлкен ағарту жұмыстары жүргізілуде: зиянды әдеттерден арылуға үгіттеу, жасөспірімдерде салауатты өмір салты – жалғыз дұрыс таңдау екеніне нық сенім қалыптастыру. СПИД, нашақорлық, уытқұмарлықтың алдын алу бойынша жұмыстар жыл сайын бекітілетін бірлескен жұмыс жоспары шеңберінде СПИД орталығымен, наркодиспансермен және «Исток» ҚБ, ПОБ-мен бірге жүргізіледі.

Ынтымақтастық аясында колледжде волонтерлық жұмыстар белсенді түрде жүргізіледі. «Транспортник» волонтерлар клубы ресми түрде құрылған. 2019 жылы мамыр айында колледж оқушылары «Саябақтар маршы» халықаралық акциясына және ҚР Тәуелсіздік күніне байланысты «Семей орманы» ұйымдастырған көшет отырғызуға қатысты. Сонымен бірге Нұр Отан партиясының «Жас Отан» жастар қанаты ұйымдастырған «Қан тапсырып, өмір сыйла» акциясына қатысты. ВИЧ, СПИД мәселелері бойынша «Исток» ҚБ ұйымдастырған семинар-тренингке қатысты.

Қысқы денсаулық күні, Демалыс күніндегі туристік саяхат өткізілді. Бұл іс-шаралар колледжді түгелдей қамтиды.

Дөңгелек үстелдер, нарколог-дәрігерлермен кездесулер, шылым шегудің, нашақорлықтың, алкоголизмнің, насыбай тұтынудың алдын алу туралы дәрістер өткізіледі. Наркологиялық диспансердің нарколог – дәрігерлерімен "Темекі шегудің алдын алу", "Алкогольдің репродуктивті жүйеге әсері", "Короновирустық инфекциялардың клиникасы, диагностикасы, алдын алу және емдеу", "Дерматомикоздардың алдын алу, қышыманың алдын алу, клиникасы және берілу жолдары», "Семей қаласында жастар арасында алкоголизм және темекі шегу бойынша статистика" тақырыбында кездесулер ұйымдастырылды. Кездесуді жаңадан қабылданған 1-2 курс оқушыларын толық қамту үшін Шомпанова К.Ж. және Абулханова З.Г. өткізді.

- USAID "Флагман" жобасының өкілдері навигаторлар Әлия Башировамен және Әділ Қадырғалиевпен кездесу ұйымдастырылды, олар АИТВ, ЖИТС, жұғу жолдары туралы айтты. Дәрігер-эпидемиолог М.М.Жакашевамен кездесу өтті.

Онлайн режимде "Короновируспен күресте сізге көмектесетін 5 ереже" тақырыбында бейне-ролик шығарылды.

Сондай-ақ, "Рухани жаңғыру" аясында колледжде "Мен есірткіге және темекіге қарсымын" атты қабырға газеттерінің байқауы өтті, оған жаңадан қабылданған барлық топтар қатысты.

Жыл бойы дарынды студенттерді анықтап, оларды колледждің құрама командасына енгізу мақсатында студенттермен келесі спорт түрлері бойынша колледжішілік жарыстар өткізіледі: баскетбол, волейбол, үстел теннисі, футбол, армрестлинг, тоғыз құмалақ, шахмат. Қаланың спорт мектептерімен, спорт түрлері бойынша бас бапкерлермен тығыз байланыс орнатылған.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың нәтижесі келесі орындар болып табылады: колледждер арасындағы қалалық жарыстар шахматтан Рымбек Байсейтовтың қалалық турнирі - 1, баскетболдан колледждер арасындағы қалалық жарыстар – 1, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне арналған ату бойынша қала колледждері арасындағы қалалық жарыстар – 1,



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне арналған қала колледждері арасында автоматты бөлшектеу және жинау бойынша әскери-спорттық жарыстар – 1, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне арналған қала колледждері арасында гiрді көтеру бойынша қалалық әскери-спорттық жарыстар – 1, Отан қорғаушылар күніне және Ұлы Жеңіс күніне арналған сап және ән байқауы карантинге байланысты өткізілмеді.

Колледж қоғамдық ұйымдармен, құқық қорғау органдарымен, денсаулық сақтау, табиғатты қорғау және басқа да ұйымдармен тығыз қызмет етеді.

Колледж активі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырады, Өзін өзі басқару күндерін, СПИД-ке қарсы күрес күніне, Шылымсыз күнге арналған акциялар өткізеді. «Қатер тобының» студенттері директордың тәрбие ісі бойынша орынбасарының, сынып жетекшісінің ілесіп баруымен наркология орталығына сұхбаттасуға барады.

Колледждің медицина қызметкері мен психологы шылым шегу және нашақорлықтың, ішкілік пен уытқұмарлықтың алдын алу және олармен күресу бойынша ай сайын бейне бюллетеньдер шығарады, онда наша қолдану мен шылым шегудің қандай физикалық және психикалық зардаптарға әкелетіні көрнекі түрде көрсетілген.

Нашақорлық пен шылым шегудің алдын алуда сынып сағаттарында «Салауатты өмір салты», «Дені саудың жаны сау», «Қайырымдылық ғажайыптарды тудырады», «Зияткерлік бас қатырулар» атты тақырыптарға сынып жетекшілерінің іскерлікпен дайындаған сұхбаттары үлкен рөл атқарады.

Колледж психологының жоспары бойынша жатақханада тұратын студенттер үшін тренинг сабақтарының циклы, психология апталығы, денсаулық фестивалі, сынып сағаттарында психологиялық тренингтер, біріктірілген сынып сағаттары өткізілді.

Оқу жылында колледж кітапханасында әртүрлі тақырыптарға 5-6 кең түрде кітап және медиа көрмелер ресімделеді, солардың бірі: «Салауатты отбасы – салауатты ұлт!», «ЖҚТБ – ХХ ғасыр дерті».

## 9.7. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмыс жүйесі

### Колледждің акт залының кестесі

	Дс	Сс	Ср	Бс	Жұма	Сн
Акт залы ВАА	Колледж іс-шарасы	14.00 - 16.00		14.00-16.00		
Акт залы Домбыра үйірмесі	Колледж іс-шарасы		14.00-16.00		14.00-16.00	
Спорттық би үйірмесі	Жатақхананың акт залы		14.00-16.00		14.00-16.00	14.00-16.00

### Колледждің спорт залының кестесі

№	Апта күндері	Уақыты	Іс-шаралар түрі	Студенттер саны
---	--------------	--------	-----------------	-----------------

1	Дүйсенбі Тренажер залында күштік гимнастика Жатақханада баскетбол	8.00-16.00 14.50-17.00 14.50-17.00 18.00-20.00 17.20-19.35	Оқу сабақтары Баскетбол Үстел ойындары	175 55 40
2	Сейсенбі	8.00-16.00 17.00-20.00	Оқу сабақтары Волейбол Күштік гимнастика	180 57 22
3	Сәрсенбі	8.00-16.00 17.00-19.35	Оқу сабақтары Баскетбол Үстел ойындары	155 55 15 26 35
4	Бейсенбі	8.00-16.00 17.00-20.00	Оқу сабақтары Баскетбол Күштік гимнастика	140 30 22
5	Жұма	8.00-16.00 17.00-20.00	Оқу сабақтары Үстел теннисі Үстел ойындары Волейбол	180 15 35 26
6	Сенбі	8.00-16.00	Оқу сабақтары Баскетбол Күштік гимнастика	145 30 22

Колледжде 8 спорт секцияларының жұмысы ұйымдастырылған: баскетбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, ату, жеңіл атлетика, тоғыз құмалақ, ауыр атлетика. «Президенттік көпсайыс» тобы жұмыс атқарады. Оқытушыларда күнтізбелік жоспарлар мен студенттердің секцияға қатысуын есепке алу журналдары бар.

### Спорттық-көпшілік іс-шаралар өткізу туралы есеп

№	Аты-жөні	Жарыс түрлері	Орын
1.	Оспанов К.С.	Қала колледждері арасында жаздық президенттік көпсайыс -2018	қатысу
2.	Кулиманов Т.Н.	Қала колледждері арасында баскетболдан қалалық жарыс	1
3.	Оспанов К.С.	Қала колледждері арасында шахматтан қалалық жарыс	1
4.	Оспанов К.С.	Қала колледждері арасында тоғызқұмалақтан қалалық жарыс	қатысу
5.	Дюсембаев Ж.Б.	Футболдан қалалық лига	қатысу
6.	Кайрбеков А.К.	Қала колледждері арасында үстел теннисінен қалалық жарыс	қатысу
7.	Кайрбеков А.К.	Рымбека Байсеитовтың қалалық турнирі, СҚЭК	қатысу
8.	Дюсембаев Ж.Б.	Астананың 20 жылдығына арналған Семей қаласының ЖОО мен колледждері арасында қалалық турнир	3

9.	Дюсембаев Ж.Б.	Колледждер арасында жеңіл атлетикадан қалалық жарыс	қатысу
10.	Кулиманов Т.Н	Коллед ішінде баскетболдан жарыс (қазан, сәуір)	Карантинге байланысты
11.	Оспанов К.С.	Коллед ішінде волейболдан жарыс (қазан, наурыз)	Карантинге байланысты
12.	Кайрбеков А.К.	Коллед ішінде үстел теннисінен жарыс (қазан, наурыз)	қатысу
13.	Оспанов К.С.	ҚР Тәуелсіздік күніне арналған күш гимнастикасынан жарыс	өткізілді
14.	Жумашұлы М.	ҚР Тәуелсіздігіне арналған ату бойынша қала колледждері арасында қалалық жарыс	1
15.	Жумашұлы М.	ҚР Тәуелсіздігіне арналған әскери-спорт жарыстарында автоматты бұзып жинау бойынша қала колледждері арасында қалалық жарыс	1
16	Жумашұлы М.	ҚР Тәуелсіздігіне арналған әскери-спорт жарыстарында гир көтеру бойынша қала колледждері арасында қалалық жарыс	қатысу
17	Жумашұлы М	ҚР Қарулы Күштеріне және Жеңіс күніне арналғани сап және ән байқауы	Карантинге байланысты

Үлгілік оқу жоспарында спорт кешендері қатарында шаңғы базасы мен бассейн көрсетілген, олар тиісті оқу сабақтары кезінде жалға алынады. Кең бейінді ашық стадионның орнына 3 ашық спорт алаңқайлары пайдаланылады.

## 9.8. Қазақстан Республикасы заңнамаларын меңгеру бойынша жұмыс жүйесі

Оқу жылының басынан бастап көлік колледжінде **алты** адамнан тұратын ақпараттық-насихат тобы белсенді жұмыс жүргізді.

АНТ төрағасы: Шарафудинова Г.Р.

Иманғалиева Г.С.

Ораз А.А.

Жуасбек Ж.С.

Хлоповская М.В.

Курманғалиева М.К.

Нурмухаметова Ж.К.

Осы топтың мақсаты колледж қызметкерлері мен оқушыларына экономика, құқық, әлеуметтік қорғау, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларында мемлекеттің стратегиясын түсіндіру; өз республикасына, өз халқына құрмет сезімін қалыптастыру, өз мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатын белсенді қолдауға ұмтылу.

Оқу жылының басында әртүрлі іс-шаралар, викториналар, дебаттар, дөңгелек үстелдер, саяси ақпараттар және т.б. кіретін жоспар әзірленді. Берілген іс-шараларға еліміздегі және одан тысқары елдердегі маңызды саяси және мемлекеттік оқиғалар, мемлекет басшысының қызметі туралы материалдар енген. Осы іс-шараларды өңдеу үшін ақпараттық материалдардың мазмұнының өзектілігі, нақтылығы, нанымдылығы ескеріле отырып іріктеледі.

АНТ жоспарына сәйкес 2019 ж. 2 қыркүйегінде барлық топтарда «Саналы ұрпақ» атты сынып сағаты өтті, онда сынып жетекшілері студенттермен бірге патриотизм тақырыбына сұхбаттасты және еліміздің дамуы туралы өзекті мәселелерді талқылады. Сонымен бірге өткен жылдың қыркүйек айында көлік колледжінің ардагерлері шықырылып «Қарттар күні» өткізілді. Студенттер осы іс-шараларға белсенді түрде қатысты.

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2 қыркүйекте Ақорда резиденциясында Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын жариялады. Бұл Жолдау колледж қызметкерлері арасында 2019 жылдың 5 қыркүйегінде түсіндірілді.

Президенттің бұл үндеуін тарих оқытушылары А.А.Ораз және Г.Р.Шарафутдинова түсіндірді.

09.09.19 ж. колледжде барлық топтарда Президенттің Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру бойынша "ҚР Президенті Жолдауының жолымен" атты сынып сағаттары өткізілді.

Айына бір рет АНТ жоспарына және тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес топтарда саяси ақпараттар жүргізілді.

Екінші жартыжылдықта колледж оқушылары мен қызметкерлеріне экономика, құқық, әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт саласындағы мемлекеттің стратегиясын түсіндіру мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізілді.

2020 жылдың қаңтар және ақпан айларында колледж мұғалімдері мен студенттері Абайдың 175 жылдығына арналған челленджге белсенді қатысты. Абай Құнанбаевқа арналған бірқатар іс-шаралар өткізілді. Осындай іс-шаралардың бірі - "Абай әндері" челленджі, онда колледж ұжымы "Көзімнің қарасы" әнін орындады. Қазақ тілі мұғалімі Ж. Кусаинова "Абай-Шәкәрім" мемориалы бойынша виртуалды онлайн экскурсия өткізді. Колледж белсенділері Абай өлеңдерін оқыған бейнероликтер түсірді.

3 ақпанда халықтың денсаулығын қорғау бағдарламасын іске асыру шеңберінде колледжде "Қысқы денсаулық күні" өтті, колледж студенттері жарыстарға белсенді қатысты.

2020 жылдың 19 ақпанында колледждің акт залында Жауынгерлік даңқ мұражайы "Семей қаласының Орталық мәдениет және демалыс саябағы" ұжымымен бірлесе отырып, Ауған соғысының ардагерлерімен дәстүрлі кездесу ұйымдастырды. Кездесуге интернационалист-жауынгерлер, колледж түлектері А.С.Цветков, М.Н.Чернейкин, А.А.Гуров шақырылды.

2020 жылдың 2 наурызында колледжде колледж психологы Ж.С.Жуасбектің басшылығымен Алғыс айту күні өтті.

2020 жылдың 12 наурызында АНТ төрайымы Г.Р.Шарафутдинова және қазақ тілі оқытушысы Г.К.Әмірбаева колледж түлегі П.П.Гавриленконың суреттер көрмесін өткізді.

2020 жылдың 8 сәуірінде қоғамдық пәндер оқытушысы А.А.Ораз "Алтын Ордаға 750 жыл" онлайн эссе байқауын өткізді, үздік жұмыстарды 33 ТРЭК тобының студенттері Мұратұлы Самат және 12 ТРЭК тобының студенті Жанахметұлы Қуаныш ұсынды.

Табиғатты қорғаудың мемлекеттік бағдарламасы аясында оқытушылар Г.С. Иманғалиева мен Ж.Е.Аманжолованың басшылығымен "Ғаламшарды сақтайық" атты жобалық жұмыстар конкурсы өткізілді. Колледж студенттері белсенді қатысты,

1 орынды 12 СМЖ тобының студенттері Азербайев Анес және 11 СМ Сегизбаев Дамир алды.

Мамыр айында колледж студенттері "Туған өлке" онлайн-челлендж өткізді.

4 маусымда Республикада мемлекеттік рәміздер күні атап өтілді. Қоғамдық пәндер оқытушылары А.А.Ораз, Г.С.Иманғалиева және Г.Р.Шарафутдинова Мемлекеттік рәміздер және олардың Қазақстан үшін маңызы туралы бейнеролик дайындады.

### **9.9. Оқу орнына, кәсіпке деген құрметті тәрбиелеу бойынша жұмыс жүйесі.**

Колледжде Ерлік және Еңбек Даңқы мұражайы өз жұмысын белсенді түрде жүргізуде, 2019-20 оқу жылында мұражайға Амербаева Г.К. және Мұражай кеңесі жетекшілік етті. Соңғы жылдарда жұмыстың жаңа түрлері енгізілді:

- жаңадан қабылданған топтар үшін колледж тарихы туралы жыл сайынғы байқау;

- Ұлы Отан соғысына арналған «Еске алу вахтасы»;

- колледж тарихы мен оның түлектері туралы бай материал жиналды, ол «Көлік колледжінің тарихы. Зерттеулер, хроника, еске алулар, адамдар мен тағдарлар» атты кітапқа енді;

- Жыл сайын бірінші курстықтарға арнап мұражай кеңесі Кеңес Одағының батыры Н.Н.Силинге арналған «Батырдың туған күнін» өткізеді.

- мұражай қоғамдық ұйымдармен кеңінен әрекеттеседі.

- мұражай кеңесі мамырдың үшінші ондығында колледждің туған күнін тойлауды дәстүрге айналдырған.

- колледж ардагерлерін еске алып құрметтейміз, біздің ауғандықтармен, әр жылдың түлектерімен кездесеміз. Жыл сайын қыркүйек айында әрбір оқу тобына бір ардагер бекітіледі (тыл еңбекшілері, ҰОС, колледж ардагерлері). Әр оқу тобы жыл бойы өзіне бекітілген ардагермен байланыста болады, мерекелерде құттықтайды, көмектесіп тұрады.

Мұражай колледж тарихын аялап сақтап қана қоймайды, сонымен бірге оны жарқын дәстүрлермен, жаңа парақтармен толықтырып отырады.

Колледж студенттері сынып жетекшілерімен бірге қала кәсіпорындарына сахатқа шығады. "Көлік колледжі" КМҚК мұражайы жыл сайын "Ардагерге барынша жақсылық жаса" акциясын өткізеді. "Ардагерге барынша жақсылық жаса" акциясы колледж студенттерінде қайырымдылық істеріне тарту арқылы жақсылық жасау қажеттілігін қалыптастыруға және соғыс және еңбек ардагерлеріне шаруашылық бойынша нақты көмек көрсетуге, бос уақытты ұйымдастыруға және т. б. бағытталған. Колледж студенттері осы акцияға белсенді қатысады, олардың топтарына бекітілген колледж ардагерлеріне барады, оларға қолдан келгенше көмек көрсетеді.

### **9.10. Байқауларға, сайыстарға, көрмелерге қатысу**

2019-2020 оқу жылында барлық өткізілген іс-шаралар еліміздің тарихындағы мерейтойлық тарихи даталармен байланысты болды. Қаңтар бойы 28-ақпанға дейін студенттер активімен Семей қаласының ардагерлеріне, "Аналар үйіне", сондай-ақ мұқтаж адамдарға (мүгедектерге және т.б.) қар тазалауға көмек көрсетілді. Ақпарат

алу үшін Instagram-да kolledj\_transporta\_volontery парақшасы құрылды, онда колледж топтарының атқарған барлық жұмыстарын көруге болады.

"Рухани жаңғыру" аясында, сондай - ақ Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына орай 1,2,3 курс топтарымен ақынның шығармашылығы бойынша челлендж өткізілді. Оқудағы барлық топтар қатысты. Барлық ақпарат колледждің сайтында көрсетілген.

"Рухани жаңғыру" аясында "Махаббат, отбасы, достық" тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Колледж фойесінде осы тақырып бойынша көрме ұйымдастырылды, онда топтар макеттер, газеттер, сондай-ақ қолдан жасалған бұйымдар мен эсселер қойылды, барлық топтар өз жұмыстарын жасауға жанын салды. Көрме 2 аптаға созылды. Барлық ақпарат колледждің сайтында көрсетілген.

Семей қаласының оңалту орталығына қайырымдылық концерті ұйымдастырылды. Концерттің барлық нөмірлері "Отбасы - барлық бастаулардың басы" тақырыбына арналды. Концерт аяқталғаннан кейін Оңалту орталығының әкімшілігі концертке қатысушыларға адал студенттерді тәрбиелегені үшін колледжге алғыс хат табыс етті. Барлық ақпарат колледждің сайтында берілген.

2 наурызда колледжде "Алғыс айту күні" іс-шарасы өтті, таңертеңнен бастап жақсы сөздер айтылды, барлық студенттер оқытушыларға және керісінше, олар жасаған барлық игі істері үшін, мысалы, жақсы оқуы үшін, еріктілер қозғалысы үшін және т. б. алғыс білдірді.

Сондай-ақ, "Рухани жаңғыру" аясында колледжде "Мен есірткіге және темекіге қарсымын" атты қабырға газеттерінің байқауы өтті, Жаңа топтардың барлығы қатысты.

Карантин кезінде колледж студенттері қашықтықтан оқытуға көшірілді, бірақ тәрбие жұмысы жалғасты: "Біз біргеміз", "Менің қашықтан оқудағы күнім" тақырыптары бойынша Instagram-да 5 ролик түсірілді, сондай-ақ "Қалаларды өзгертетін идеялар" суреттер конкурсы өткізілді, осы конкурста 24 ТРМ тобының оқушысы жеңіске жетті.

Колледж белсенділері арасында Абай Құнанбаевтың өлеңдері оқылды.

Сондай-ақ, соғыс жылдарындағы әндердің роликтері түсірілді

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына орай соғыс жылдарының әндеріне арналған роликтер түсірілді, ең үздік роликтер колледждің Instagram-ында орналастырылған.

"Менің Отаным" тақырыбына арналған роликтер конкурсы өткізілді, онда 1 орынды – Турина Наталия 11 ЭВП, 2 орынды - Бүлік Заңғар, 3 орынды - Алханова Кербез 11 ЭАк иеленді.

Еріктілер жылы аясында "Жақсылық жаса" акциясы өткізілді, колледж студенттері азық-түлік жинап, мұқтаж 3 студентке бөлініп берілді.

"Мемлекеттік рәміздер" күніне орай колледждің Instagram-да осы мереке туралы қазақ және орыс тілдерінде роликтер көрсетілді.

Көптеген жетістіктер болды. "Траспортник" еріктілер клубы "Исток" қоғамдық ұйымы ұйымдастырған іс-шараны ұйымдастыруға және өткізуге көмектесті. Еріктілер "Бірге жарқын!" республикалық экологиялық фестиваліге қатысты.

"Траспортник" еріктілер клубы "Исток" қоғамдық ұйымы ұйымдастырған іс-шараны ұйымдастыруға және өткізуге көмектесті. Еріктілер "Бірге жарқын!" атты республикалық экологиялық фестиваліге қатысты.

Еріктілер ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне 2019 жылдың қаңтар айында "Әлемді таза ет" акциясымен барып, ардагерлердің аулаларын қардан тазартуға көмектесті. Сондай-ақ осы акциямен бірнеше рет "Аналар үйіне" барды.

Сондай-ақ, қайырымдылық концертімен Семей қаласының "Оңалту орталығына" барып, орталық басшылығынан алғыс хат алды; сонымен қатар колледж студенттері еріктілер жылы аясында "Жақыныңа жақсылық жаса" акциясын ұйымдастырды, онда қиын әлеуметтік жағдайдағы студенттерге азық-түлік жиналды.

Жыл бойы жатақханада тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша, колледжде (асханада) жұмыстар жүргізілді. 2020 жылдың ақпан айында колледж жатақханасында "Таза бөлме" байқауы ұйымдастырылды, арнайы комиссия рейдтер жүргізді, оның нәтижелері бойынша студенттермен және олардың сынып жетекшілерімен әңгімелер жүргізілді.

Комиссия студенттерді волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ тәрізді спорт секцияларына тартуда өте жақсы жұмыс атқарды. 2019 жылдың қыркүйегінде дене тәрбиесі және АӘД циклімен бірге "Старт-2019" спорттық жарысы ұйымдастырылды, оған жаңадан қабылданған студенттер қатысты.

### **9.11. Оқушылар мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау жүйесі**

Колледж басқа қалалар мен аймақтардан келген студенттерді жатақханада тұратын орынмен қамтамасыз етеді, стипендия мен басқа да төлемдердің тұрақты аударылуын бақылайды.

Колледж студенттерін әлеуметтік қорғауда жастар комитеті маңызды рөл атқарады.

Жастар комитеті студенттерге материалдық көмек көрсетеді және мәдени-көпшілік іс-шараларды қаржыландырады.

Ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар жатақханадан тегін орынмен, облыстық және республикалық бюджеттен жыл сайын киім-кешекпен, ай сайынғы жәрдемақымен қамтылады.

Киім-кешекке – жылына бір рет 50 000 теңге, тәуліктік тамақтануға – 1130 теңге **ОБПР** және қамқорлықтағы жетімдерге 452 теңге бөлінеді.

2019-2020 оқу жылы колледждің жастар комитеті барлық жетім студенттерге шай ішу ұйымдастырды, стационарлық емделуде жатқан студенттерге барды.

Сынып жетекшілері жыл бойы студенттер тұрып жатқан пәтерлерге барады, актілер құрастырып, қажет болса материалдық көмек көрсетуге өтініш білдіреді.

Әкімшілік ата-анасының қамқорынсыз қалған, қамқоршысымен бірге тұратын балалардың есебін жүргізеді, Семей қ. қамқоршылық және қорғаншылық бөлімімен үнемі байланыс жасап тұрады.

Колледж қызметкерлері ұжымдық шартпен заңды түрде қорғалған. Кәсіподақ комитеті Қарттар күніне, 8 Наурызға, Жеңіс күніне, Мұғалімдер күніне, Жаңа жылға, Отан қрғаушылар күніне арнап іс-шаралар өткізеді. Қызметкерлерді туған күндерімен құттықтайды.

Колледж ардагерлерді тәрбие ісінің жоспары бойынша өткізілетін «Қарттар күні», «Студенттер қатарына қабылдау», «Жеңіс күні», «Колледждің туған күні» тәрізді іс-шараларға шақырады.

Оқу жылының аяғында кәсіподақ комитетінің жұмыс атқаратын мүшелеріне және зейнеткерлерге Қазақстанның сауықтыру шипажайларына, демалыс базаларына жолдама бағасынан 20% жеңілдікпен жолдамалар беріледі.

Колледжде педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың штаттық бірлігі бар, ол өмірде қиын жағдайға тап болған оқушылар мен қызметкерлерге қолдан келгенше көмек көрсетеді.

### **Атқарылатын міндеттер мен келешекке жоспар тұрғысынан бөлім бойынша аналитикалық қорытындылар**

Карантинге қарамастан, жалпы алғанда тәрбие ісінің жоспары орындалды, барлық жоспарланған тәрбиелік іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілді.

Жыл бойы студенттердің шығармашылық, көркемөнер-эстетикалық дамулары үшін жағдайлар жасалды, азаматтық-патриоттық және рухани тәрбие бойынша, құқық бұзушылықтың алдын алу мен кәмілетке толмағандар арасында қадағалаусыз кетуді болдырмас үшін тиімді жұмыстар жүргізілді.

Діни экстремизмнің алдын алу бойынша АНТ үлкен жұмыс атқарды, бүгінгі күні біздің қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

"Ділмар" пікірталас клубы, "Зеленая лампа" әдеби клубы, "Жас сарбаз" әскери-патриоттық клубы және "Транспортник" еріктілер клубы өз жұмыстарын тиімді жүргізуде.

#### **Ұсынымдар:**

Тәрбие жұмысының тиімділігін бұдан ары арттыру мақсатында қажет:

- студенттерді халықтың ұлттық дәстүрлері мен ұлттық мәдениетіне тарту жұмыстарын күшейту.
- қоғамдық бірлестіктермен, құқық қорғау органдарымен, денсаулық сақтау, табиғатты қорғау және басқа да ұйымдармен бірлескен жұмыстарды жалғастыру;
- діни ағарту бойынша АНТ-мен жұмыстарды жалғастыру;
- оқушылардың шығармашылық белсенділіктерін дамыту;
- колледж қызметіне ата-аналарды тарту жұмыстарын күшейту;
- өзін өзі басқару жұмыстарын жетілдіру;
- волонтер клубының жұмыстарын жалғастыру;
- сынып жетекшілерінің кәсіптік шеберліктерін арттыру;
- колледждің ресми сайттарында, БАҚ-да кәсіптік бағдар беру мақсатында колледж қызметін баяндау бойынша жұмыстарды жалғастыру.



**Директордың оқу ісі  
бойынша орынбасары**

Тортбаева Р.Б.

**Директордың тәрбие ісі  
бойынша орынбасары**

Аубакирова А.М..

**Директордың оқу-өндірістік жұмыстар  
бойынша орынбасары**

Васильев О.А.

**Директордың әкімшілік-шаруашылық  
бөлім бойынша орынбасары**

Тулендинов Т.А.

**Кітапхана меңгерушісі**

Борисевич Л.Н.

**Колледж әдіскері**

Куандыкова А.Б.

**Кадрлар бөлімінің  
инспекторының м.а.**

Бородатова Е.А